

**«Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша  
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

| р/с<br>№ | Құрылым-<br>дық<br>элемент | Жобаның редакциясы  | Ұсынылған өзгерістің<br>немесе толықтырудың<br>редакциясы | Өзгерістің немесе<br>толықтырудың авторы<br>және оның негіздемесі  | Бас<br>комитет-<br>тің<br>шешімі.<br>Негіздеме<br>(қабыл-<br>данбаған<br>жағдайда) |
|----------|----------------------------|---|---|--|--|
| 1        | 2                          | 3<br>4  | 5   | 6  | 7  |
| 1.       | Мазмұны                    | <p align="center"><b>МАЗМҰНЫ</b></p> <p>1-тарау. Жалпы ережелер<br/>                     1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар<br/>                     2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br/>                     3-бап. Қазақстан Республикасының жануарларға қарау саласындағы заңнамасы<br/>                     4-бап. Жануарларға қараудың негізгі қағидаттары<br/>                     5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br/>                     6-бап. Жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу<br/>                     2-тарау. Жануарларға қарау саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару<br/>                     7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті<br/>                     8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> | Мазмұны алып тасталсын.                                   | <p align="center"><b>Депутаттар<br/>М.А. Ахметов,<br/>Ғ.А. Елеуов,<br/>Е.Т. Жаңбыршин</b></p> <p align="center">Заң техникасы, сондай-ақ «Құқықтық актілер туралы» Заңға сәйкес келтіру.</p> | <b>Қабыл-<br/>данды</b>  |

|  |  |   |  |  |  |
|--|--|---|--|--|--|
|  |  | <p>9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті</p> <p>3-тарау. Жануарларды асырауға және оларға жауапкершілікпен қарауға қойылатын негізгі талаптар</p> <p>10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>11-бап. Үй жануарларын есепке алу</p> <p>12-бап. Жануарларды тасымалдауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>13-бап. Жануарларды өсіруге қойылатын жалпы талаптар</p> <p>14-бап. Ветеринариялық қызметтер көрсету кезінде жануарларға қараудың ерекшеліктері</p> <p>15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою</p> <p>4-тарау. Жануарлардың жекелеген санаттарын қарау, оларды асырау және пайдалану кезіндегі ерекшеліктер</p> <p>16-бап. Жабайы жануарларды қарауға қойылатын талаптар</p> <p>17-бап. Ауыл шаруашылығы жануарларын қарау кезіндегі талаптар</p> <p>18-бап. Мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану кезінде жануарларды қарауға қойылатын талаптар</p> <p>19-бап. Эксперименттік (зертханалық) жануарларға қарау кезіндегі талаптар</p> <p>20-бап. Қызметтік жануарларға қарау кезіндегі талаптар</p> <p>21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар</p> <p>22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар</p> |  |  |  |
|--|--|---|--|--|--|

|    |           |  |   |  |                   |
|----|-----------|--|---|--|-------------------|
|    |           | <p>5-тарау. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптар</p> <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет</p> <p>24-бап. Жануарларды аулау және өлтіру</p> <p>25-бап. Қаңғыбас жануарлардың санын реттеу</p> <p>26-бап. Жануарларға арналған панажайлар</p> <p>6-тарау. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау</p> <p>27-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау</p> <p>28-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік</p> <p>7-тарау. Қорытынды ережелер</p> <p>29-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі</p> |   |  |                   |
| 2. | Кіріспесі | Жоқ  | <p>Мынадай мазмұндағы кіріспемен толықтырылсын:</p> <p><b>«Осы Заң жануарларды қорғау, оларға қарау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамгершілікті нығайту және қоғамның ізгілік қағидаттарын сақтау, сондай-ақ жануарларға қарау кезінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды</b></p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>А.А. Милютин</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 23-бабының 6-тармағына сәйкес келтіру.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|    |       |   |   |   |                   |
|----|-------|---|---|---|-------------------|
|    |       |   | <b>мүдделерін қорғау мақсатында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.».</b>                  |   |                   |
| 3. | 1-бап | <p>1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар</p> <p>Осы Заң жануарларды қорғау, жануарларға қарау кезінде азаматтардың қауіпсіздігін, құқықтарын және өзге де заңды мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамгершілікті нығайту және қоғамның ізгілік қағидаттарын сақтау мақсатында жануарларға қарау саласындағы қатынастарды реттейді.</p>   | <p>Алып тасталсын.</p> <p><i>Баптардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i></p>   | <p><b>Депутат</b><br/><b>А.А. Милютин</b></p> <p>Заң мәтініне кіріспені енгізуге байланысты.</p>  | <b>Қабылданды</b> |
| 4. | 2-бап | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>1) аулау қызметі – жергілікті атқарушы органдар құрған ветеринариялық ұйым, сондай-ақ қараусыз қалған жануарларды аулаумен және уақытша асыраумен айналысатын жеке ұйымдар;</p> <p>2) биостерилизация – жануарды тұқым беру қабілетінен (репродуктивтік қабілетінен) хирургиялық жолмен айыру;</p> <p>3) үй жануарларын есепке алу – үй жануарына жеке нөмір беру, есепке алу бұйымы (құралы), тұрғылықты жері бар оның иесі және</p> | <p>2-бапта орыс тілінде жазылған ұғымдар қазақ тіліндегі ұқсас ұғымдардың орналасуына сәйкес әліпбилік тәртіппен орналастырылсын.</p> | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>М.А. Ахметов,</b><br/><b>Ғ.А. Елеуов,</b><br/><b>Е.Т. Жаңбыршин</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 23-бабының 7-тармағының талаптарына сәйкес келтіру.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  | <p>жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді тіркеу;</p> <p>4) үй жануарларын есепке алу бұйымдары (құралдары) – үй жануарларын есепке алу үшін пайдаланылатын болюстер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);</p> <p>5) жабайы жануарлар – жабайы табиғат табиғи мекендеу ортасы болып табылатын, оның ішінде еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар;</p> <p>6) жануарларға арналған оңалту орталығы – табиғи мекендеу ортасына қайтарылуға жататын немесе жатпайтын, тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған, сондай-ақ табиғи жағдайларда өмір сүре алмайтын, жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған, оның ішінде тәркіленген жануарларды шектеулі қабылдауға, емдеуге, асырауға, оңалтуға және бейімдеуге арналған және жабдықталған мүліктік кешен;</p> <p>7) қарым-қатынас жасайтын зоопарк – жануарларды көпшілікке көрсету және келушілерге физикалық тұрғыдан қарым-қатынас жасауды ұсыну мақсатында асырау үшін пайдаланылатын арнайы жабдықталған құрылысжай, үй-жай, көлік, тор, қоршау және басқа да конструкциялар;</p> <p>8) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттай құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;</p> <p>9) жауапты адам – жануар иесінің ауызша және/немесе жазбаша тапсырмасы бойынша жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін өзіне алатын адам;</p> |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

|  |  |   |  |  |  |
|--|--|---|--|--|--|
|  |  | <p>10) жануарды серуендету – жануар иесінің немесе жауапты адамның жануарды асырау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, табиғи қажеттіліктерін өтеуге бағытталған әрекеті;</p> <p>11) жануарлар – құрлықта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында жүрген жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскілер, жәндіктер және басқалары), сондай-ақ адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде ұстайтын және өсіретін кез келген түрдегі үй жануарлары, оның ішінде иттер мен мысықтар (асырауға тыйым салынған жануарлар тізбесіне енгізілген жануарларды қоспағанда);</p> <p>12) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған үй жануарларын, сондай-ақ қараусыз қалған, алып қойылған, оның ішінде тәркіленген жануарларды асырауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;</p> <p>13) жануарларға арналған питомник – мемлекеттік не жеке ұйым немесе дара кәсіпкер құрған, асыл тұқымдық құндылығы бар немесе арнайы мақсаттағы жануарларды асырауға арнайы жабдықталған және арналған мүліктік кешен;</p> <p>14) жануарларға қатыгездікпен қарау – осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, жануарларды асырау қағидалары мен шарттарында белгіленген,</p> |  |  |  |
|--|--|---|--|--|--|

|  |   |  |  |  |
|--|---|--|--|--|
|  | <p>жануардың өліміне, мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтірілуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін, жануарларды қинаумен әрі жәбірлеумен ұштасқан іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), сондай-ақ жануарды ұрып-соғу, азаптау, оның ішінде аштан қатыру, су бермеу және жануардың саулығына зиян келтіруге алып келген өзге де зорлық-зомбылық әрекеттер, тіршілігі мен саулығына қауіп төніп тұрған жануарға жауапты адамның мүмкіндігі болса да көмек көрсетпеуі;</p> <p>15) жануарларды ұстай тұру (зоологиялық қонақ үй) – жеке ұйым немесе дара кәсіпкер құрған және үй жануарларын уақытша асырауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;</p> <p>16) жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарда пайдалану – жануарларды мәдениет, демалыс және ойын-сауық саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде (оның ішінде, зоопарктерде, қарым-қатынас жасайтын зоопарктерде, зообақтарда, жануарларға арналған питомниктерде, цирктерде, зоотеатрларда), жануарлар көрмелерінде, спорт сайыстарында, жарнама түсіру процесінде, кинематография туындыларын жасау кезінде, фото- және бейнеөнімдер шығару үшін, телевизияда, ағартушылық қызметте, көрсету мақсатында (оның ішінде, бөлшек сауда орындарында, қоғамдық тамақтандыру қызметін көрсететін орындарда), сондай-ақ азаматтардың дем алу және ойын-сауық саласында пайдалану;</p> <p>17) жануарларды уақытша асырау пункті – тауып алынған, ауланған қараусыз қалған және алып қойылған жануарларды уақытша асырау үшін әдейі арналған және жабдықталған мүліктік кешен;</p> |  |  |  |
|--|---|--|--|--|

|  |  |   |  |  |  |
|--|--|---|--|--|--|
|  |  | <p>18) жануардың өз бетінше серуендеуі – иесінің және/немесе жауапты адамның қарауынсыз жануардың үй-жайдан тыс немесе ұсталатын аумақтың шегінен тыс жерде өз бетінше болуы;</p> <p>19) жануарлардың төбелесі – жануарларды бір-біріне өшіктіру нәтижесінде не олардың тұқымдық сипаттамалары салдарынан, жануар иесінің және/немесе жауапты адамдардың алдын алу немесе тоқтату шараларын әдейі қабылдамауынан туындаған екі немесе одан көп жануардың айқасы;</p> <p>20) жануарды эвтаназиялау – ветеринар дәрігер жануарды жанын ауыртпай, қинамай, азап шектірмей ізгілік жолмен өлтірудің арнайы техникасын қолданып, жалпы анестезия (оның ішінде, есірткілік) препараттарын пайдалана отырып жүзеге асыратын жануарды дәрі-дәрмекпен өлтіру;</p> <p>21) жылжымалы хайуанаттар бағы – жануарларды цирк, эстрада, ойын-сауық қызметінде (жария және жеке сипатта) пайдалану мақсатында асырау және тасымалдау үшін, сондай-ақ жануарларды көпшілікке көрсету, ғылыми маңызы жоқ көрсетілімдерге, көрмелерге тарту үшін мәдениет мекемелері, цирктер, көшпелі цирктер, қарым-қатынас жасайтын зоопарктер, гастрольдік орталықтар мен басқа да тұлғалар пайдаланатын арнайы жабдықталған күрделі емес құрылысжайлар, уақытша үй-жайлар, көлік, мобильді тор, қоршаулар, басқа да жылжымалы конструкциялар;</p> <p>22) ұстайтын орын – жануардың иесі немесе жауапты адам пайдаланатын, жануар</p> |  |  |  |
|--|--|---|--|--|--|



|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  | <p>ұсталатын ғимарат, құрылыс, құрылысжай, үй-жай немесе аумақ;</p> <p>23) қаңғыбас жануарлар – қараусыз қалған, екі ай ішінде іздеу салынған кезде иесі табылмаған иттер мен мысықтар;</p> <p>24) қараусыз қалған жануарлар – асырау орнынан тыс жердегі және жануардың иесі және/немесе жауапты адам тарапынан бақылаусыз қалған жануар;</p> <p>25) қызметтік жануарлар – іздеу, күзету, патрульдік-бекеттік, қорғау-қарауыл, іздестіру-құтқару және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де қызметтік мақсаттарда арнайы дайындалған және пайдаланылатын (қолданылатын) жануарлар;</p> <p>26) уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;</p> <p>27) үй жануарлары – адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде ұстайтын және өсіретін кез келген түрдегі жануарлар, оның ішінде иттер мен мысықтар;</p> <p>28) эксперименттік (зертханалық) жануарлар – адам ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу жүргізу үшін, оқу процесінде, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу үшін өсіретін, ұстайтын және пайдаланатын жануарлар;</p> <p>29) ауыл шаруашылығы жануарлары – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей</p> |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

|    |                           |   |  |   |                   |
|----|---------------------------|---|--|---|-------------------|
|    |                           | қатысы бар жануарлардың, құстардың, балықтар мен аралардың барлық түрі.   |  |   |                   |
| 5. | 2-баптың<br>1) тармақшасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>1) аулау қызметі – жергілікті атқарушы органдар құрған ветеринариялық ұйым, сондай-ақ қараусыз қалған жануарларды аулаумен және уақытша асыраумен айналысатын <b>жеке ұйым</b> ; | « <b>жеке ұйым</b> » деген сөздер « <b>мемлекеттік емес заңды тұлға</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.  | <b>Депутат<br/>Б.Н. Торғаев</b><br><br>«Жеке ұйым» термині заңды түрде қолданылатын термин емес.<br>Азаматтық кодекстің 191-бабының 1-тармағына сәйкес жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі болып табылады.<br>Сондай-ақ Кәсіпкерлік кодекстің, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның және басқа да бірқатар заңнамалық актілердің терминологиясына сәйкес келтіру. | <b>Қабылданды</b> |
| 6. | 2-баптың<br>1) тармақшасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>1) аулау қызметі – жергілікті атқарушы органдар құрған ветеринариялық ұйым, сондай-ақ қараусыз қалған жануарларды аулаумен және уақытша асыраумен айналысатын <b>жеке ұйым</b> ; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) аулау қызметі – жануарларды аулаумен, уақытша ұстаумен <b>және жансыздандырумен айналысатын, облыстардың, республикалық маңызы</b> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Ветеринария туралы» Заңның 11-бабының 4-тармағына, заң жобасының 24-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.  | <b>Қабылданды</b> |

|    |                            |   |   |   |                    |
|----|----------------------------|---|---|---|--------------------|
|    |                            |   | <b>бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйым, сондай-ақ дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;»;</b>                                   |   |                    |
| 7. | 2-баптың<br>2) тармақ-шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>2) <b>биостерилизация</b> – жануарды тұқым беру қабілетінен (репродуктивтік қабілетінен) хирургиялық жолмен айыру;                            | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2) <b>стерилдеу</b> – жануарды хирургиялық, дәрі-дәрмекпен не өзге тәсілмен ұрпақ өрбіту қабілетінен айыру;».  | <b>Депутат<br/>С.Ж. Нақпаев</b><br><br>Хирургиялық жолмен ұрпақ өрбіту қабілетінен айыру стерилдеу болып табылады, ал гормондық терапияны қолдану арқылы ұрпақ өрбіту қабілетінен айыруды биологиялық стерилдеуге жатқызуға болады. | <b>Қабыл-данды</b> |
| 8. | 2-баптың<br>3) тармақ-шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>...<br>3) үй жануарларын есепке алу – үй жануарына жеке нөмір беру, есепке алу бұйымы (құралы), тұрғылықты жері бар оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы мәліметтерді <b>тіркеу</b> ; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) үй жануарларын (компаньон жануарлар) есепке алу – үй жануарына жеке нөмір беру, тұрғылықты жері көрсетілген оның иесі және жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы | <b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Ветеринария саласындағы органдардың жеке нөмір беру және чиптеу арқылы үй жануарларын міндетті тіркеуін белгілеу қажет. Нақтылаушы түзету.  | <b>Қабыл-данды</b> |

|     |                        |  |   |   |            |
|-----|------------------------|--|---|---|------------|
|     |                        |  | мәліметтерді міндетті тіркеу;».   |   |            |
| 9.  | 2-баптың 5) тармақшасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>5) жабайы жануарлар – жабайы табиғат табиғи мекендеу ортасы болып табылатын, оның ішінде еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар;   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5) жабайы жануарлар – жабайы табиғат табиғи мекендеу ортасы болып табылатын, оның ішінде еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар;».  | Депутат<br><b>С.Ж. Нақпаев</b><br><br>Редакциялық түзету.   | Қабылданды |
| 10. | 2-баптың 6) тармақшасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>6) жануарларға арналған оңалту орталығы – табиғи мекендеу ортасына қайтарылуға жататын немесе жатпайтын, тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған, сондай-ақ табиғи жағдайларда өмір сүре алмайтын, жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған, оның ішінде тәркіленген жануарларды шектеулі қабылдауға, емдеуге, асырауға, оңалтуға және бейімдеуге арналған және жабдықталған мүліктік кешен; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«6) жануарларға арналған оңалту орталығы – жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға не табиғи мекендеу ортасына қайтарылуға жататын немесе жатпайтын, тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған, табиғи жағдайларда тіршілік ете алмайтын, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген үй жануарларын (компаньон жануарларды) шектеулі | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті<br><br>Заң жобасының 2-бабының 12) тармақшасын қайталауды болдырмау мақсатында. | Қабылданды |

|     |                                |   |  |  |                         |
|-----|--------------------------------|---|--|--|-------------------------|
|     |                                |   | қабылдауға, емдеуге, уақытша ұстауға, оңалтуға және бейімдеуге арналған және жабдықталған мүліктік кешен;»;                        |  |                         |
| 11. | 2-баптың<br>6) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>б) жануарларға арналған оңалту <b>орталығы</b> – табиғи мекендеу ортасына қайтарылуға жататын немесе жатпайтын, тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған, сондай-ақ табиғи жағдайларда өмір сүре алмайтын, жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған, оның ішінде тәркіленген жануарларды шектеулі қабылдауға, емдеуге, асырауға, оңалтуға және бейімдеуге арналған және жабдықталған мүліктік кешен; | « <b>орталығы</b> –» деген сөзден кейін « <b>жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға не</b> » деген сөздермен толықтырылсын. | <b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Жауапты адамның оңалту орталығынан жануарды алу құқығын бекіту мақсатында. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 12. | 2-баптың<br>9) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>9) жауапты адам – жануар иесінің <b>ауызша және/немесе</b> жазбаша тапсырмасы бойынша жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін өзіне алатын адам;   | « <b>ауызша және/немесе</b> » деген сөздер алып тасталсын.   | <b>Депутат<br/>С.Ж. Нақпаев</b><br><br>Жануар иесінің «ауызша» тапсырмасын дәлелдеу мүмкіндігінің болмауы.           | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                                 |  |   |   |                         |
|-----|---------------------------------|--|---|---|-------------------------|
| 13. | 2-баптың<br>10) тармақ-<br>шасы | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>10) <b>жануарды серуендету</b> – жануар иесінің немесе жауапты адамның жануарды асырау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, табиғи қажеттіліктерін өтеуге бағытталған әрекеті;</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«10) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстау орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін өтеуге деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері;</p> | <p><b>Депутат<br/>С.Ж. Нақпаев</b></p> <p>Заң жобасының 22-бабына сәйкес келтіру. Редакциялық түзету.</p>   | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 14. | 2-баптың<br>11) тармақ-<br>шасы | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>10) жануарлар – құрлықта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында жүрген жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскілер, жәндіктер және басқалары), сондай-ақ адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде ұстайтын және өсіретін кез келген түрдегі үй жануарлары, оның ішінде иттер мен мысықтар (асырауға тыйым салынған</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«11) жануарлар – <b>омыртқалы жануарлар</b>;».</p>   | <p><b>Депутат<br/>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Заң жобасының 2-бабының 5) және 27) тармақшаларын қайталауды болдырмау мақсатында. Бұл ретте, заң жобасында, қолданыстағы заңнамада ұстауға тыйым салынған жануарлар тізбесінің жоқтығын атап өтеміз.</p> | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                                 |   |   |   |                         |
|-----|---------------------------------|---|---|---|-------------------------|
|     |                                 | <b>жануарлар тізбесіне енгізілген жануарларды қоспағанда);</b>  |   |   |                         |
| 15. | 2-баптың<br>12) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>12) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған үй жануарларын, сондай-ақ <b>қараусыз қалған</b> , алып қойылған, оның ішінде тәркіленген жануарларды асырауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«12) жануарларға арналған панажай – тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған <b>қараусыз қалған және қаңғыбас</b> жануарларды, сондай-ақ <b>жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған немесе тәркіленген жануарларды (компаньон жануарларды)</b> ұстауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен; | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Панажайларда қараусыз қалған жануарлармен қатар қаңғыбас жануарлар да болатынын көздеу қажет. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 16. | 2-баптың<br>13) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>13) жануарларға арналған питомник – <b>мемлекеттік не жеке ұйым</b> немесе дара кәсіпкер құрған, асыл тұқымдық құндылығы бар немесе арнайы мақсаттағы жануарларды асырауға арнайы жабдықталған және арналған мүліктік кешен;                            | Жобаның 2-бабының 13) тармақшасындағы « <b>мемлекеттік не жеке ұйым</b> » деген сөздер « <b>мемлекеттік не мемлекеттік емес заңды тұлға</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.   | <b>Депутат<br/>Б.Н. Торғаев</b><br><br>Кәсіпкерлік кодексінің, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның терминологиясына сәйкес келтіру.                               | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                                 |   |   |   |                         |
|-----|---------------------------------|---|---|---|-------------------------|
| 17. | 2-баптың<br>13) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>13) <b>жануарларға арналған питомник</b> – мемлекеттік не жеке ұйым немесе дара кәсіпкер құрған, асыл тұқымдық құндылығы бар немесе арнайы мақсаттағы жануарларды <b>асырауға</b> арнайы жабдықталған және арналған мүліктік кешен; | « <b>жануарларға арналған питомник</b> » деген сөздер « <b>зоологиялық питомник</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.<br><br><i>Заң жобасының мәтіні бойынша тиісті өзгерістер көзделсін.</i> | <b>Депутат<br/>С.Ж. Нақпаев</b><br><br>Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 253-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.   | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 18. | 2-баптың<br>13) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>13) жануарларға арналған питомник – мемлекеттік не жеке ұйым немесе дара кәсіпкер құрған, асыл тұқымдық құндылығы бар немесе арнайы мақсаттағы жануарларды <b>асырауға</b> арнайы жабдықталған және арналған мүліктік кешен;        | « <b>асырауға</b> » деген сөз « <b>ұстауға және өсіруге</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.   | <b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Редакцияны нақтылау.  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 19. | 2-баптың<br>14) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>14) жануарларға қатыгездікпен қарау – <b>осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, жануарларды асырау қағидалары мен</b>   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«14) <b>жануарға қатыгездікпен қарау</b> – жануардың өліміне, мертігуіне немесе оның саулығына өзге де зиян келуіне әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы     | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,<br/>Депутаттар<br/>Д.Н. Назарбаева,<br/>Б.Н. Торғаев</b><br><br>Қылмыстық кодекске ұсынылған нормаларға сәйкес келтіру үшін | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |



|     |                         |   |   |   |                   |
|-----|-------------------------|---|---|---|-------------------|
|     |                         | шарттарында белгіленген, жануардың өліміне, мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтірілуіне алып келген немесе алып келуі мүмкін, жануарларды қинаумен әрі жәбірлеумен ұштасқан іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), сондай-ақ жануарды ұрып-соғу, азаптау, оның ішінде аштан қатыру, су бермеу және жануардың саулығына зиян келтіруге алып келген өзге де зорлық-зомбылық әрекеттер, тіршілігі мен саулығына қауіп төніп тұрған жануарға жауапты адамның мүмкіндігі болса да көмек көрсетпеуі; | мүмкін қасақана іс-әрекет;».  | редакцияны нақтылау.  |                   |
| 20. | 2-баптың 15) тармақшасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>15) жануарларды ұстай тұру (зоологиялық қонақ үй) – <b>жеке ұйым</b> немесе дара кәсіпкер құрған және үй жануарларын уақытша асырауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;  | Жобаның 2-бабының 15) тармақшасындағы « <b>жеке ұйым</b> » деген сөздер « <b>мемлекеттік емес заңды тұлға</b> » деген сөздермен ауыстырылсын. | <b>Депутат<br/>Б.Н. Торғаев</b><br><br>«Жеке ұйым» термині заңды түрде қолданылатын термин емес.<br>Азаматтық кодекстің 191-бабының 1-тармағына сәйкес жеке меншік азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді.<br>Сондай-ақ Кәсіпкерлік кодексінің, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның және басқа да бірқатар заңнамалық актілердің терминологиясына сәйкес | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                 |   |   |   |                         |
|-----|---------------------------------|---|---|---|-------------------------|
|     |                                 |   |   | келтіру.  |                         |
| 21. | 2-баптың<br>15) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>15) <b>жануарларды ұстай тұру</b> (зоологиялық қонақ үй) – жеке ұйым немесе дара кәсіпкер құрған және үй жануарларын уақытша асырауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«15) <b>зоологиялық жатынжай – дара кәсіпкер немесе мемлекеттік емес заңды тұлға құрған</b> , жануарлардың иелерімен келісу бойынша үй жануарларын ( <b>компаньон жануарларды</b> ) уақытша ұстауға немесе ұзақ ұстай тұруға арналған және жабдықталған мүліктік кешен;»; | <b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Ұзақ ұстай тұру –мүліктік кешен емес, иесі жоқ кезде үй жануарын уақытша ұстай тұру қызметі.  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 22. | 2-баптың<br>16) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>16) жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарда пайдалану – жануарларды мәдениет, демалыс және ойын-сауық саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде (оның ішінде, зоопарктерде, қарым-қатынас жасайтын зоопарктерде, зообактарда, жануарларға арналған питомниктерде, цирктерде, зоотеатрларда), жануарлар көрмелерінде, спорт сайыстарында, жарнама түсіру процесінде, кинематография туындыларын жасау кезінде, фото- және бейнеөнімдер шығару үшін, телевизияда, ағартушылық қызметте, көрсету | Алып тасталсын.<br><br><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>  | <b>Депутаттар<br/>М.А. Ахметов,<br/>Ғ.А. Елеуов,<br/>Е.Т. Жанбыршин</b><br><br>Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану мәселелерін заң жобасының 18-бабында көздеу қажет. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                                    |   |   |  |                         |
|-----|------------------------------------|---|---|--|-------------------------|
|     |                                    | мақсатында (оның ішінде, бөлшек сауда орындарында, қоғамдық тамақтандыру қызметін көрсететін орындарда), сондай-ақ азаматтардың дем алу және ойын-сауық саласында пайдалану;  |   |  |                         |
| 23. | 2-баптың 17) және 18) тармақшалары | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>17) жануарларды уақытша асырау пункті – тауып алынған, ауланған қараусыз қалған және алып қойылған жануарларды уақытша асырау үшін әдейі арналған және жабдықталған мүліктік кешен;<br>18) <b>жануардың өз бетінше серуендеуі</b> – иесінің және/немесе жауапты адамның қарауынсыз жануардың <b>үй-жайдан тыс немесе ұсталатын аумақтың шегінен тыс жерде</b> өз бетінше болуы; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«17) жануарларды уақытша ұстау пункті – табылған, ауланған қараусыз қалған және <b>қаңғыбас жануарларды, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардан алып қойылған үй жануарларын (компаньон жануарларды)</b> уақытша ұстау үшін әдейі арналған және жабдықталған мүліктік кешен;<br>18) <b>үй жануарларының өз бетінше серуендеуі</b> – үй жануарының ұстау орнынан <b>тыс жерде</b> үй жануарларының иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;». | <b>Депутат<br/>С.Ж. Нақпаев</b><br><br>Редакцияны жақсарту.                      | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 24. | 2-баптың 19) тармақшасы            | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«19) жануарлардың төбелесі – жануарларды бір-біріне өшіктіру нәтижесінде  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң техникасы. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                         |  |   |   |                   |
|-----|-------------------------|--|---|---|-------------------|
|     |                         | <p>...</p> <p>19) жануарлардың төбелесі – жануарларды бір-біріне өшіктіру нәтижесінде не олардың тұқымдық сипаттамалары салдарынан, жануар иесінің және/немесе жауапты адамдардың алдын алу немесе тоқтату шараларын әдейі қабылдамауынан туындаған екі немесе одан көп жануардың айқасы;</p>  | <p>не олардың тұқымдық сипаттамалары салдарынан, <b>жануар иесінің және (немесе) жауапты</b> адамның айқастың алдын алу немесе тоқтату шараларын әдейі қабылдамау кезінде туындаған екі және одан көп жануардың айқасы;».</p> |   |                   |
| 25. | 2-баптың 20) тармақшасы | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>20) жануарды эвтаназиялау – <b>ветеринар дәрігер жануарды жанын ауыртпай, қинамай, азап шектірмей ізгілік жолмен өлтірудің арнайы техникасын қолданып, жалпы анестезия (оның ішінде, есірткілік) препараттарын пайдалана отырып жүзеге асыратын жануарды дәрі-дәрмекпен өлтіру;</b></p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«20) жануарларды эвтаназиялау (бұдан әрі - эвтаназиялау) – жануарды <b>ауыртуды және физикалық азаптауды болғызбай оны дәрі-дәрмекпен жансыздандыру;</b>».</p>                         | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру, оған сәйкес құқықтық актінің ережелері нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 26. | 2-баптың 21) тармақшасы | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>20) жылжымалы хайуанаттар бағы – <b>жануарларды цирк, эстрада, ойын-сауық қызметінде (жария және жеке сипатта)</b></p>  | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«21) <b>жылжымалы хайуанаттар бағы – жануарларды ұстау және тасымалдау арқылы ғылыми маңызы жоқ цирк, эстрада, ойын-сауық қызметінде</b></p>   | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутат Е.В. Смайлов</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                         |   |   |  |                   |
|-----|-------------------------|---|---|--|-------------------|
|     |                         | <p>пайдалану мақсатында асырау және тасымалдау үшін, сондай-ақ жануарларды көпшілікке көрсету, ғылыми маңызы жоқ көрсетілімдерге, көрмелерге тарту үшін мәдениет мекемелері, цирктер, көшпелі цирктер, қарым-қатынас жасайтын зоопарктер, гастрольдік орталықтар мен басқа да тұлғалар пайдаланатын арнайы жабдықталған күрделі емес құрылысжайлар, уақытша үй-жайлар, көлік, мобильді тор, қоршаулар, басқа да жылжымалы конструкциялар;</p> | <p>жануарларды көпшілікке көрсету үшін пайдаланылатын арнайы жабдықталған жылжымалы конструкциялар, оның ішінде торлар;».</p>   | <p>сәйкес келтіру, оған сәйкес құқықтық актінің ережелері нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.</p>  |                   |
| 27. | 2-баптың 22) тармақшасы | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>22) ұстайтын орын – <b>жануардың иесі немесе жауапты адам пайдаланатын</b>, жануар ұсталатын ғимарат, құрылыс, құрылысжай, үй-жай <b>немесе аумақ</b>;</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«22) ұстау орны – жануардың иесі <b>және (немесе)</b> жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар немесе <b>жер учаскелері</b>;».</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Редакцияны жақсарту.</p>  | <b>Қабылданды</b> |
| 28. | 2-баптың 23) тармақшасы | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p>23) қаңғыбас жануарлар – қараусыз қалған, екі ай ішінде іздеу салынған кезде иесі табылмаған иттер мен мысықтар;</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«23) қаңғыбас жануарлар – <b>иесі жоқ</b> иттер мен мысықтар;».</p>  | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 246-бабында жануардың иесін анықтау мерзімдері көзделген.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                 |   |  |  |                         |
|-----|---------------------------------|---|--|--|-------------------------|
| 29. | 2-баптың<br>26) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>26) уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«26) <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> уәкілетті орган – <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган</b> ».                                    | <b>Депутат<br/>Б.Н. Торғаев</b><br><br>Заң жобасының 8-бабына сәйкес келтіру.  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 30. | 2-баптың<br>27) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br>27) үй жануарлары – адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде ұстайтын және өсіретін кез келген түрдегі жануарлар, оның ішінде иттер мен мысықтар; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«27) үй жануарлары <b>(компаньон жануарлар) (бұдан әрі - үй жануарлары)</b> – қай түрге жататынына қарамастан, эстетикалық қажеттіліктер мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін адам дәстүрлі түрде ұстайтын және өсіретін жануарлар;». | <b>Депутат<br/>Е.В. Смайлов</b><br><br>Ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй жануарлары арасындағы шатасуды болдырмау үшін халықаралық жіктеуде қабылданған нақтылауды ұсынамыз.<br>Сондай-ақ, үй жануарлары (компаньон жануар) ретінде ұстауға тыйым салынған жануарлардың тізімін қосу және жасау қажет. Мысалы, арыстандар, жолбарыстар және аюлар. Бұл жағдайлар белгілі және соңғы кезде іс жүзінде жиі кездеседі. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                                 |   |  |   |                   |
|-----|---------------------------------|---|--|---|-------------------|
| 31. | 2-баптың<br>29) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><b>29) ауыл шаруашылығы жануарлары – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлардың, құстардың, балықтар мен аралардың барлық түрі.</b> | Алып тасталсын.  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Бұл ұғым «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20) тармақшасында көзделген.          | <b>Қабылданды</b> |
| 32. | 2-баптың<br>30) тармақ-<br>шасы | 2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br><br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br><br>...<br><b>30) жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы жаңа 30) тармақшамен толықтырылсын:<br><b>«30) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспектор (бұдан әрі - қоғамдық инспектор) - жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу қағидаларына сәйкес жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын жеке тұлға.».</b> | <b>Депутат<br/>Д.Н. Тұрғанов</b><br><br>Заң жобасында қоғамдық бақылау институты енгізіліп отыр, алайда қоғамдық инспектор анықтамасы белгіленбеген және оның қызмет тәртібі регламенттелмеген. | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                  |   |   |   |                   |
|-----|----------------------------------|---|---|---|-------------------|
| 33. | 2-баптың 30) тармақшасы          | <p>2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар</p> <p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>...</p> <p><b>30) жоқ</b></p>   | <p>Мынадай мазмұндағы 30) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«30) мертігу – Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында айқындалған жағдайларды қоспағанда, қандай да бір ағзаның функциясын толық немесе ішінара жоғалтуға, сондай-ақ жануардың анатомиялық тұтастығын бұзуға әкеп соққан, жануардың саулығына келтірілген ауыр зиян;».</b></p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Тұжырымдамалық ұғым. 30-тармақ – бүгінде Қазақстан Республикасы заңнамасында бұл анықтама жоқ, бұл Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 316-бабы бойынша құқық қолдану практикасына теріс әсер етеді.</p> <p>Мертігуді анықтамай, қатыгездікпен қарау үшін жауапкершілікті қатаңдату қиын болып табылады.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 34. | 3-баптың тақырыбы және 1-тармағы | <p>3-бап. Қазақстан Республикасының <b>жануарларға қарау саласындағы</b> заңнамасы</p> <p>1. Қазақстан Республикасының <b>жануарларға қарау саласындағы</b> заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3-бап. Қазақстан Республикасының <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> заңнамасы</p> <p>1. Қазақстан Республикасының <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> заңнамасы Қазақстан Республикасының</p>  | <p><b>Депутат</b><br/><b>Б.Н. Торғаев,</b><br/><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң жобасының тақырыбына және 3-баптың 1-тармағының мазмұнына сәйкес келтіру.</p>  | <b>Қабылданды</b> |



|     |       |  |  |  |                   |
|-----|-------|--|--|--|-------------------|
|     |       |  | <p>Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.».</p> <p><i>Осыған ұқсас өзгерістер 6-тараудың тақырыбына, 27, 28-баптардың тақырыптарына енгізілсін.</i></p>   |  |                   |
| 35. | 4-бап | <p>4-бап. Жануарларға қараудың негізгі қағидаттары</p> <p>Жануарларға қарау мынадай адамгершілік қағидаттары мен ізгілік қағидаттарына негізделеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жануарларға ауырсыну мен азапты сезіне алатын тіршілік иесі ретінде қарау;</li> <li>2) жануардың өміріне, саулығы мен амандығына иесінің дербес жауаптылығы;</li> <li>3) жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау;</li> <li>4) халықтың жануарларға адамгершілікпен және ізгілікпен қарым-қатынас жасауын тәрбиелеу.</li> </ol> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4-бап. Жануарларға жауапкершілікпен қарауды реттеу қағидаттары</p> <p>Жануарларға жауапкершілікпен қарауды реттеу қағидаттары мыналар болып табылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жануарларға ауырсыну мен физикалық азаптануды сезіне алатын тіршілік иесі ретінде қарау;</li> <li>2) жануардың тіршілігіне, саулығы мен амандығына иесінің дербес жауаптылығы;</li> <li>3) жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау;</li> </ol> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Жануарлармен жұмыс істеудің негізгі қағидаттарын ашып көрсетеді, сонымен бірге «Құқықтық актілер туралы» Заңның 14-3-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес заң олардың негізінде нақты қоғамдық қатынастарды реттеу жүзеге асырылатын қағидаттарды белгілеуге тиіс, заңнамалық реттеу қағидаттары оларды іске асырудың нақты тетіктерін аша отырып белгіленуге тиіс. Осыған байланысты заң жобасын көрсетілген ережелермен</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |  |  |   |   |                   |
|-----|--|--|---|---|-------------------|
|     |  |  | 4) халықтың жануарларға адамгершілікпен және ізгілікпен қарауын тәрбиелеу.».  | келтіру бөлігінде пысықтау талап етіледі.   |                   |
| 36. | 5-баптың жаңа 1-тармағы                  | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау   | Мынадай мазмұндағы жаңа 1-тармақпен толықтырылсын:<br>«1. <b>Жануарларға қатыгездікпен қарауға тыйым салынады.</b> ».<br><br><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасында жануарларға қатыгездікпен қарауға тыйым салынбаған, бұл ретте 5-бап жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғауға арналған. | <b>Қабылданды</b> |
| 37. | 5-баптың 1-тармағының жаңа 1) тармақшасы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>....<br>Жоқ | Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:<br>«1) жануардың өлуіне, мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін жануарды ұрып-соғуға, қинауға, <b>оның ішінде аштықпен, шөлмен қинауға және жануарды бөлшектеу, өртеу, суға батыру, тұншықтыру, сою арқылы</b> өзге де зорлық-зомбылық | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Жануарларға қатыгездікпен қарау» ұғымына өзгерістер енгізуге байланысты.   | <b>Қабылданды</b> |

|     |  |  |   |  |                   |
|-----|--|--|---|--|-------------------|
|     |  |  | әрекеттеріне;».<br><br><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>  |  |                   |
| 38. | 5-баптың 1-тармағының жаңа 2) тармақшасы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>2) бұзақылық пиғылмен не қызметтік міндеттерді атқаруға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын аңшылыққа байланысты емес мақсаттарда жануарларды басқа жануарларға <b>және/немесе</b> адамдарға өшіктіруге; | « <b>және/немесе</b> » деген сөздер « <b>және (немесе)</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң техникасы және редакцияны нақтылау.  | <b>Қабылданды</b> |
| 39. | 5-баптың 1-тармағының жаңа 3) тармақшасы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>3) жануарларға арналған панажайларға берілгенге дейін немесе өзге де заңды тәсілмен иеліктен шығарғанға дейін жануарлар иелерінің жануарларды асырау жөніндегі міндеттерін орындаудан бас тартуына;  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) жануарларға арналған панажайларға орналастырғанға дейін немесе өзге де заңды тәсілмен иеліктен шығарылғанға дейін жануарлар иелерінің немесе жауапты адамдардың жануарларды <b>және (немесе) олардың ұрпағын</b> ұстау жөніндегі міндеттерін орындаудан бас тартуына;». | <b>Депутат Е.В. Смайлов</b><br><br>Заң жобасының мақсаттарына сәйкес жауапкершілікпен қарау жануармен де, оның ұрпақтарымен де ізгілікпен және жауапкершілікпен қарауды білдіреді. | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                       |   |  |   |                   |
|-----|---------------------------------------|---|--|---|-------------------|
| 40. | 5-баптың 1-тармағының жаңа тармақшасы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>Жоқ   | Мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын:<br>«4) өмірі мен саулығы үшін қауіпті жай-күйдегі жануарға жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның, егер бұл адамдар жануарға көмек көрсету мүмкіндігі болса немесе өздері оны өмірі мен саулығы үшін қауіпті жай-күйге түсірсе, көмек көрсетпеуіне;».<br><br><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Жануарларға қатыгездікпен қарау» ұғымына өзгерістер енгізуге байланысты. | <b>Қабылданды</b> |
| 41. | 5-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы   | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>5) <b>жануарлардың жарақаттануына, мертігуіне немесе өліп қалуына</b> әкелетін ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге; | «жануарлардың жарақаттануына, мертігуіне немесе өліп қалуына» деген сөздер «жануарлардың жарақаттануына немесе саулығына өзге де зиян келуіне не жануардың өліміне» деген сөздермен ауыстырылсын.  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Редакцияны нақтылау.  | <b>Қабылданды</b> |
| 42. | 5-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы   | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:   | «жануарлардың» деген сөздің алдынан «Дене шынықтыру және спорт туралы» <b>Қазақстан</b>  | <b>Депутаттар</b><br><b>Д.Н. Назарбаева,</b><br><b>Б.Қ. Тілеухан</b>  | <b>Қабылданды</b> |

|  |      |  |   |  |  |
|--|------|--|---|--|--|
|  | шасы | <p>...</p> <p>5) жануарлардың жарақаттануына, мертігуіне немесе өліп қалуына әкелетін ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге;</p> | <p><b>Республикасының Заңына сәйкес жануарларды пайдаланылатын ұлттық спорт түрлері бойынша спорттық іс-шараларын қоспағанда,»</b> деген сөздермен толықтырылсын.</p> | <p>Бұл норма «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасында ұлттық спорт түрлерін дамытуды, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуді көздейтін нормаларына қайшы келеді (21, 22, 38-баптар). Көкпар, ат жарысы және т.б. сияқты ұлттық спорт түрлері жануарлар үшін де, спортшылар үшін де жарақат алу қаупі бар екенін бәрі біледі. Жалпы алғанда, спорттың барлық дерлік түрлері жарақат алу қаупі бар болып табылады, алайда бұл енді оларға тыйым салу керек дегенді білдірмейді.</p> <p>Заң жобасының осы нормасы (5-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы) жануарлардың жарақат алуына және мертігуіне әкеп соғатын ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге тыйым салуды енгізеді. Осы нормаға сәйкес Қазақстандағы</p> |  |
|--|------|--|---|--|--|

|  |  |  |  |   |  |
|--|--|--|--|---|--|
|  |  |  |  | <p>барлық ұлттық спорт түрлеріне толық тыйым салуға болады, бұл бүкіл қазақ мәдениетіне, халқымыздың әдет-ғұрпына және жалпы ұлттық бірегейлікке орны толмас залал келтіреді.</p> <p>Менің депутат ретінде және Қазақстан Республикасы этноспорт қауымдастығының президенті ретінде осы заң жобасын әзірлеушіге қатысты елеулі наразылығым бар. Жоба өте үстірт және шикі, еуропалық стандарттардан көшірілген және біздің ұлттық және діни мүдделерімізді мүлдем ескермейді.</p> <p>Әрине, жануарларға ізгілікпен қарау қажет екені түсінікті, бірақ сонымен бірге нормаларды Қазақстанның ұлттық болмысына бейімдеу қажет, алайда, өкінішке орай, әзірлеушілер адам құқықтарын қорғаудың, ал қазір жануарлардың құқықтарын қорғаудың батыстық сәнді</p> |  |
|--|--|--|--|---|--|

|     |   |   |  |  |            |
|-----|---|---|--|--|------------|
|     |   |   |  | тенденцияларына бола кәсіби және адал жасамаған сыңайлы.   |            |
| 43. | 5-баптың 1-тармағының 6) және 7) тармақшалары | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>6) <b>жануарлардың зақымдануына, мертігуіне немесе</b> өліміне әкелетін мүқаммалды және өзге де құрал-жабдықты пайдалануға;<br>7) <b>сою</b> немесе <b>жарақат салу және мертіктіру</b> арқылы иттер мен мысықтардан өнім мен шикізат алу үшін осы жануарларды өсіруге, асырауға, пайдалануға, сондай-ақ мысықтар мен иттердің жүнін тарау тәсілімен алудан басқа, осындай өнімді өткізуге; | «жануарлардың зақымдануына, мертігуіне немесе» деген сөздер «жануардың мертігуіне немесе саулығына өзге де зиян келтіруге» деген сөздермен ауыстырылсын;<br>«жарақат салу және мертіктіру» деген сөздер «мертіктіру немесе саулығына өзге де зиян келтіру» деген сөздермен ауыстырылсын; | Депутат<br>А.А. Милютин<br><br>Заң жобасының 2-бабының 14) тармақшасына сәйкес келтіру.  | Қабылданды |
| 44. | 5-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы           | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>7) <b>сою</b> немесе <b>жарақат салу және мертіктіру</b> арқылы иттер мен мысықтардан өнім мен шикізат алу үшін осы жануарларды өсіруге, асырауға, пайдалануға, сондай-ақ мысықтар мен иттердің жүнін тарау тәсілімен алудан басқа, осындай өнімді өткізуге;  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7) иттер мен мысықтарды тамаққа пайдалану, сою немесе жарақаттау және мертіктіру арқылы осындай жануарлардан өнім мен шикізат алу үшін оларды өсіруге, ұстауға, пайдалануға, сондай-ақ мысықтар мен иттердің жүнін тарау тәсілімен алуды                | Депутат<br>Д.Н. Назарбаева<br><br>Мысықтар мен иттерді тамаққа пайдалануға тыйым салуды енгізу мақсатында.<br>Редакцияны нақтылау. | Қабылданды |

|     |                                     |  |   |   |                   |
|-----|-------------------------------------|--|---|---|-------------------|
|     |                                     |  | қоспағанда, осындай өнімді өткізуге;».  |   |                   |
| 45. | 5-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br>8) <b>жануарды өз бетінше</b> эвтаназиялауға тыйым салынады. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«8) <b>ветеринариялық дәрігер болып табылмайтын адамның</b> эвтаназиялауына тыйым салынады.». | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</b><br><b>Депутат</b><br><b>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>8) тармақшаға сәйкес жануарды өз бетінше эвтаназиялауға тыйым салынады, бұл ретте Заң жобасының 2-бабының 20) тармақшасына сәйкес жануарларды эвтаназиялауды ветеринариялық дәрігер жүзеге асырады, осыған байланысты 8) тармақшаны «Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру бөлігінде пысықтау талап етіледі, оған сәйкес құқықтық актінің ережелерінде нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағына қамтылуға тиіс. | <b>Қабылданды</b> |



|     |                                     |  |   |   |                         |
|-----|-------------------------------------|--|---|---|-------------------------|
| 46. | 5-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br><br>1. Жануарларды қараған кезде:<br>...<br><b>9) жоқ.</b> | Мынадай мазмұндағы жаңа 9) тармақшамен толықтырылсын:<br><b>«9) үй және жабайы жануарларды ғылыми мақсаттарда будандастыруды қоспағанда, оларды шағылыстыруға тыйым салынады.».</b><br><br><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>  | <b>Депутаттар<br/>С.В. Имашева,<br/>В.А. Ким,<br/>Е.Н. Абақанов,<br/>А.Қ. Нұркина</b><br><br>Жануарларға қарау кезінде үй жануарларымен мен жабайы жануарларды будандастыруға тыйым салу ұсынылады. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 47. | 5-баптың жаңа тармағы               | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br>...<br><b>Жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын:<br><b>«2. Егер жануарды нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалану мүмкін болмаса, жануардың иесі және (немесе) жауапты адам мұндай жануарды ол өз өлімімен өлгенге дейін ұстауды қамтамасыз етуге немесе оны жануарларға арналған панажайға, қажетті жағдайлар жасауға қабілетті жеке немесе заңды тұлғаларға беруге міндетті.</b> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Осы тармақты 18-баптан көшіру ұсынылады, өйткені мазмұны бойынша жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғауды реттейді.            | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                    |  |   |   |                   |
|-----|--------------------|--|---|---|-------------------|
|     |                    |  | <p><b>Егер жануардың саулығы жасына байланысты өзгерістерге, созылмалы аурулардың болуына, жарақаттан кейінгі жай-күйге орай тұрақты ауырсынулармен не ағзалар жүйесінің бұзылуына немесе тірек-қимыл аппаратының ауыр функционалдық бұзылуына байланысты жануардың тіршілік ету сапасының нашарлауын білдірсе, ветеринариялық дәрігердің қорытындысы бойынша жануардың иесі эвтаназиялау туралы шешім қабылдауға құқылы.».</b></p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін</i></p> |   |                   |
| 48. | 5-баптың 2-тармағы | <p>5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау</p> <p>...</p> <p>2. Дератизация және дезинсекция, сондай-ақ осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жасалатын аңшылық, жабайы жануарлар санын реттеу, ауыл шаруашылық <b>жануарларын</b></p> | <p><b>«жануарларын сою»</b> деген сөздерден кейін «, <b>Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің жолын қуушылар діни жораларды өткізу кезінде, егер бұл олардың діни ілімінде көзделсе,</b></p>   | <p><b>Депутат Б.Қ. Тілеухан</b></p> <p>Ар-ождан бостандығына конституциялық құқықты (Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабы), сондай-ақ Конституция мен «Діни қызмет және діни</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |                    |   |   |   |                    |
|-----|--------------------|---|---|---|--------------------|
|     |                    | сою және эвтаназиялау қатыгездікпен қарау болып табылмайды. | жануарларды сою» деген сөздермен толықтырылсын.                                   | бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында кепілдік берілген діни сенім бостандығына құқықтарды кемсітуге жол бермеу мақсатында (3-баптың 5, 6-тармақтары).<br>Үй жануарларын діни мақсатта жансыздандыру (Құрбан айт) Исламның негізгі діни тіректерінің, сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің бірі болып табылады, осыған байланысты осы бапта жансыздандырудың мұндай түріне жол беруді қарастыру қажет. Егер мұндай ерекшелік көзделмесе, бұл діндарлардың құқықтарына тікелей нұқсан келтіріп, дәстүрлі қазақстандық қоғам тарапынан үлкен наразылық пен әлеуметтік шиеленіс туғызуы мүмкін. |                    |
| 49. | 5-баптың 2-тармағы | 5-бап. Жануарларды қатыгездікпен қараудан қорғау<br>...     | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Мыналар қатыгездікпен қарау болып табылмайды: | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Жануарларға қатыгездік  | <b>Қабыл-данды</b> |

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  | <p>2. Дератизация және дезинсекция, сондай-ақ осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жасалатын аңшылық, жабайы жануарлар санын реттеу, ауыл шаруашылық жануарларын сою және эвтаназиялау қатыгездікпен қарау болып табылмайды.</p> | <p><b>1) жануарлар адамға немесе жануарға шабуыл жасаған жағдайлардағы және жануар адамның және (немесе) жануарлардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қатер төндіретін өзге де жағдайлардағы жануарға қарау;</b><br/> 2) дератизациялау;<br/> <b>3) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын басқа жануарларды азықтандыру үшін пайдалану;</b><br/> 4) осы Заңның және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын аң аулау, балық аулау немесе балық шаруашылығын жүргізу, жабайы жануарлардың санын реттеу, ауыл шаруашылығы жануарларын сою, ветеринариялық іс-шаралар,</p> | <p>жасалмайтын барлық жағдайларды қамтамасыз ету қажет. Бұл - өзін-өзі қорғау, азық болатын жануарларға қарау және діни мерекелерде жануарларды сою мақсаттарында.</p> |  |
|--|--|--|--|--|--|

|     |                         |   |   |   |                   |
|-----|-------------------------|---|---|---|-------------------|
|     |                         |   | эвтаназиялау;<br>5) <b>Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің жолын қуушылар діни жораларды өткізу кезінде, егер бұл олардың діни ілімінде көзделсе, жануарларды сою .».</b>    |   |                   |
| 50. | 6-баптың тақырыбы       | 6-бап. Жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу                  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«6-бап. <b>Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты ағарту және тәрбиелеу, жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу».</b>            | <b>Депутат Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Жануарларға қарау кезінде азаматтардың мәдениетін қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары, оқу орындарында оқыту және т.б. арқылы мәдени-ағартушылық тәрбие жұмыстарын жүргізу қажет. | <b>Қабылданды</b> |
| 51. | 6-баптың жаңа 1-тармағы | 6-бап. Жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу<br><b>1. Жоқ</b> | Мынадай мазмұндағы жаңа 1-тармақпен толықтырылсын:<br>« <b>1. Халықтың жануарларға адамгершілікпен және ізгілікпен қарауын тәрбиелеу, жануарларға қатыгездікпен қарауға жол бермеу мақсатында</b> | <b>Депутат Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Жануарларға қарау кезінде азаматтардың мәдениетін қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары, оқу орындарында оқыту және т.б. арқылы мәдени-   | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |   |   |  |
|--|--|--|---|---|--|
|  |  |  | <p>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты ағарту және тәрбиелеу жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, табиғат қорғау ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер, өзге де заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасы туралы ақпараттандыру, биоэтика курсын оқыту немесе білім беру жүйесінде жануарларға ізгілікпен қарау бойынша сыныптан тыс жұмыс жүргізу, көрмелер, семинарлар, конференциялар, конкурстар, жарыстар және басқа да іс-шаралар өткізу арқылы жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында халықты</p> | <p>ағартушылық тәрбие жұмыстарын жүргізу қажет.</p> |  |
|--|--|--|---|---|--|

|     |                         |  |   |   |                   |
|-----|-------------------------|--|---|---|-------------------|
|     |                         |  | ағарту мен тәрбиелеуді жүзеге асырады.».  |   |                   |
|     |                         |  | <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>   |   |                   |
| 52. | 6-бап                   | 6-бап. Жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу<br><br>Жануарларға қатыгездікпен қарауды, оның ішінде пайда табу мақсатында немесе онсыз <b>баспа, аудиобейне өнімін және басқа да ақпарат арналарын</b> шығару, көрсету, тарату және өзге де пайдалану арқылы насихаттауға және (немесе) соған үндеуге тыйым салынады. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. <b>Пайда табу мақсатында немесе онсыз, жануарларға қатыгездікпен қарауды, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлар мен материалдарды</b> шығару, демонстрациялау, тарату және өзге де пайдалану арқылы насихаттауға және (немесе) соған үндеуге тыйым салынады.». | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Редакцияны нақтылау.<br>«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру. | <b>Қабылданды</b> |
| 53. | 6-баптың жаңа 3-тармағы | 6-бап. Жануарларға қатыгездікпен қарауды насихаттауға тыйым салу<br><br><b>Жоқ</b>   | Мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын:<br>«3. <b>Жануарларға қатыгездікпен қарау фактілерін жазып-көрсету «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына</b>   | <b>Депутаттар С.В. Имашева, В.А. Ким Е.Н. Абақанов, А.Қ. Нұркина</b><br><br>Жануарларға қатыгездікпен қарау жөніндегі ақпараттан қорғау бойынша нақтыланған норма               | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                |  |   |  |                   |
|-----|--------------------------------|--|---|--|-------------------|
|     |                                |  | <b>сәйкес жүзеге асырылады.».</b>   | ұсынылып отыр.   |                   |
| 54. | 2-тараудың тақырыбы және 7-бап | <p>2-тарау. Жануарларға қарау саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару</p> <p>7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыреті шегінде:<br/>Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзіне жүктелген функцияларды атқарады.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:<br/>«2-тарау. <b>Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару</b></p> <p>7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы құзыреті</b></p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында:</b></p> <p>1) <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;</b></p> <p>2) Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзіне жүктелген өзге де</p> | <p><b>Депутат Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Баптың тақырыбы «Құқықтық актілер туралы» Заңға сәйкес оның реттеу нысанасын белгілеуге, сондай-ақ заң жобасының тақырыбына сәйкес келуге тиіс.</p> <p>«Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңның 9-бабына сәйкес келтіру.</p> | <b>Қабылданды</b> |



|     |  |   |   |  |                   |
|-----|--|---|---|--|-------------------|
|     |  |   | функцияларды орындайды.».   |  |                   |
| 55. | 8-баптың тақырыбы мен бірінші абзацы         | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br><b>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы</b> уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7-бап. <b>Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> уәкілетті органның құзыреті<br><br><b>Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> уәкілетті орган:». | <b>Депутат Б.Н. Торғаев</b><br><br>Жобаның 2-тарауының тақырыбына (2-тарау. Мемлекеттік реттеу және жануарларға қарау саласындағы басқару) және Заң жобасының тақырыбына сәйкес келтіру. | <b>Қабылданды</b> |
| 56. | 8-баптың 1) тармақшасы                       | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>1) <b>жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы</b> мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> мемлекеттік саясатты іске асырады;».  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасының 3-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру.  | <b>Қабылданды</b> |
| 57. | 8-баптың 2), 3), 4) 5) және 10) тармақшалары | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>...<br>2) жануарларды питомниктерде, панажайларда, зоологиялық қонақ үйлерде, уақытша асырау пункттерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында асырау <b>тәртібін</b> әзірлейді және бекітеді; | « <b>тәртібін</b> », « <b>тәртібі</b> » деген сөздер « <b>қағидаларын</b> », « <b>қағидалары</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутат Б.Н. Торғаев</b><br><br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 1-бабының 13) тармақшасына, 7-бабының 3-тармағының 5)           | <b>Қабылданды</b> |

|     |                        |   |  |   |                   |
|-----|------------------------|---|--|---|-------------------|
|     |                        | <p>3) жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану <b>тәртібі</b> мен талаптарын әзірлейді және бекітеді;</p> <p>4) мекендеу ортасына қайтару мүмкін емес, қамаудағы жабайы жануарларға қарау <b>тәртібін</b> әзірлейді және бекітеді;</p> <p>5) қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау <b>тәртібін</b> әзірлейді және бекітеді;</p> <p>...</p> <p>10) жануарларға қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу, сондай-ақ жануарларға қарау саласындағы қоғамдық инспектор куәліктерін азаматтарға беру <b>тәртібін</b> әзірлейді және бекітеді;</p> |  | тармақшасына, 7-бабының 4-тармағына сәйкес келтіру.   |                   |
| 58. | 8-баптың 2) тармақшасы | <p>8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>2) жануарларды питомниктерде, панажайларда, <b>зоологиялық</b> қонақ үйлерде, уақытша асырау пунктерінде, <b>жануарларға арналған</b> оңалту орталықтарында асырау <b>тәртібін</b> әзірлейді және бекітеді;</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2) жануарларды жануарларға арналған панажайларда, <b>зоологиялық жатынжайларда,</b> жануарларды уақытша ұстау пунктерінде, <b>жануарларға арналған</b> оңалту орталықтарында, зоологиялық питомниктерде, <b>жылжымалы хайуанаттар бақтарында</b> ұстау <b>қағидаларын</b> әзірлейді және бекітеді;».</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасын 2-баптың 15) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасын 2-баптың 17) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 2 – бабының 21) тармақшасына сәйкес жылжымалы хайуанаттар бағы - жануарларды ұстау үшін</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |                        |   |  |   |                   |
|-----|------------------------|---|--|---|-------------------|
|     |                        |   |  | <p>пайдаланылатын арнайы жабдықталған күрделі емес құрылыстар, уақытша үй-жайлар, көлік, мобильді торлар, қоршаулар, басқа да жылжымалы конструкциялар. Бұл ретте, заң жобасында жануарларды жылжымалы хайуанаттар бағында ұстау тәртібі көзделмеген.</p> |                   |
| 59. | 8-баптың 3) тармақшасы | <p>8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>3) жануарларды <b>мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану тәртібі мен талаптарын</b> әзірлейді және бекітеді;</p> | <p><b>«мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану тәртібі мен талаптарын»</b> деген сөздер «мәдени-ойын-сауық мақсаттарында <b>пайдалану және оларды ұстау қағидаларын»</b> деген сөздермен ауыстырылсын.</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес келтіру, заң жобасының 18-бабының 2-тармағына сәйкес келтіру.</p>   | <b>Қабылданды</b> |
| 60. | 8-баптың 4) тармақшасы | <p>8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>4) мекендеу ортасына қайтару мүмкін емес, қамаудағы жабайы жануарларға қарау тәртібін әзірлейді және бекітеді;</p>  | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4) мекендеу ортасына қайтару мүмкін емес, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайлардағы жабайы жануарларға қарау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».</p>    | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Жабайы жануарлар» ұғымына сәйкес келтіру.</p>   | <b>Қабылданды</b> |

|     |  |   |   |  |                         |
|-----|--|---|---|--|-------------------------|
|     |  |   |   |  |                         |
| 61. | 8-баптың<br>5) тармақ-<br>шасы         | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>...<br>5) қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау тәртібін әзірлейді және бекітеді; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5) <b>жануарларды ауладың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың</b> үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».   | <b>Депутат<br/>Д.Н. Тұрғанов</b><br><br>Жануарларды аулаудың, уақытша ұстаудың және жансыздандырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу қажет.                                    | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 62. | 8-баптың<br>6) тармақ-<br>шасы         | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>...<br>6) жануарларға арналған панажайлар туралы ережені әзірлейді және бекітеді;           | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«6) <b>жануарларға арналған панажайлар қызметінің қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».</b>  | <b>Депутаттар<br/>Д.Н. Назарбаева,<br/>Д.Н. Тұрғанов</b><br><br>26-баптың 2-тармағының ұсынылып отырған редакциясына сәйкес келтіру.                                       | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 63. | 8-баптың<br>жаңа 7)<br>тармақ-<br>шасы | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>...<br>Жоқ  | Мынадай мазмұндағы жаңа 7) тармақшамен толықтырылсын:<br>«7) <b>жануарларға арналған панажайларды есепке алу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».</b><br><br><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасының 26-бабында панажайлардың қызметі реттеледі. Осыған байланысты оларды есепке алу ұсынылады. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|     |                                 |  |  |  |                   |
|-----|---------------------------------|--|--|--|-------------------|
| 64. | 8-баптың8) және 9) тармақшалары | <p>8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>8) есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;</p> <p>9) ерекше жауаптылықты талап ететін жануарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«8) <b>үй жануарларын</b> есепке алу қағидаларын және есепке алуға жататын үй жануарларының тізбесін әзірлейді және бекітеді;</p> <p>9) <b>жануар иесінің</b> ерекше жауапкершілігін талап ететін <b>үй жануарларының</b> тізбесін әзірлейді және бекітеді;».</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</b><br/><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Заң жобасының 22-бабының 6-тармағына сәйкес келтіру.<br/>Редакцияны нақтылау.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 65. | 8-баптың жаңа 9) тармақшасы     | <p>8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p><b>жоқ</b></p>   | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 9) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«9) тұрғынжайларда ұстауға тыйым салынған жануарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;».</b></p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>   | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>Д.Н. Назарбаева,</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Заң жобасының 2-бабының 11) тармақшасына сәйкес келтіру.</p>   | <b>Қабылданды</b> |
| 66. | 8-баптың жаңа 9) тармақшасы     | <p>8-бап. Уәкілетті органның құзыреті</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p><b>жоқ</b></p>   | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 9) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«9) үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».</b></p>   | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Үй жануарларын ұстау және серуендету бойынша бірыңғай талаптарды әзірлеу үшін.</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                              |  |  |   |                   |
|-----|------------------------------|--|--|---|-------------------|
|     |                              |  | <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>  |   |                   |
| 67. | 8-баптың 10) тармақшасы      | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br><br>...<br>10) жануарларға қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу, сондай-ақ <b>жануарларға қарау</b> саласындағы қоғамдық инспектор куәліктерін <b>азаматтарға беру тәртібін</b> әзірлейді және бекітеді; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«10) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу, сондай-ақ <b>жеке тұлғаларға</b> жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспекторлар куәліктерін беру <b>қағидаларын</b> әзірлейді және бекітеді;». | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 1-бабының 13) тармақшасына сәйкес келтіру,<br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру,<br>Заң жобасының 3-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру. | <b>Қабылданды</b> |
| 68. | 8-баптың жаңа 11) тармақшасы | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br><br>...<br><b>жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы жаңа 11) тармақшамен толықтырылсын:<br><b>«11) қаңғыбас жануарларды вакциналау және стерилдеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;».</b><br><br><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>   | <b>Депутаттар Д.Н. Назарбаева, Н.Ж. Ожаев</b><br><br>Бұдан басқа, қаңғыбас жануарларды вакциналау және стерилдеу қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі уәкілетті органның құзыретімен толықтыру қажет.  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                              |   |   |  |                   |
|-----|------------------------------|---|---|--|-------------------|
| 69. | 8-баптың жаңа 11) тармақшасы | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>...<br><b>11) жоқ</b>   | Мынадай мазмұндағы жаңа 11) тармақшамен толықтырылсын:<br><b>«11) еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын басқа жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын жануарлардың тізбесін әзірлейді және бекітеді;».</b><br><br><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын басқа жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын жануарлардың тізбесін регламенттеу үшін. | <b>Қабылданды</b> |
| 70. | 8-баптың 11) тармақшасы      | 8-бап. Уәкілетті органның құзыреті<br><br>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы уәкілетті орган өз құзыреті шегінде:<br>...<br>11) осы Заңда, <b>өзге де заңдарда</b> , Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. | «өзге де заңдарда» деген сөздер <b>«Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында»</b> деген сөздермен ауыстырылсын.   | <b>Депутат Б.А. Бекжанов</b><br><br>Заң техникасы.   | <b>Қабылданды</b> |
| 71. | Жаңа 9-бап                   | <b>Жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы 9-баппен толықтырылсын:<br><b>«9-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдарының жануарларға</b>   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутат Б.Н. Торғаев</b><br><br>Заң жобасын 9-баптың 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес   | <b>Қабылданды</b> |

|     |                               |   |  |  |                   |
|-----|-------------------------------|---|--|--|-------------------|
|     |                               |   | <p>жауапкершілікпен қарау саласындағы құзыреті</p> <p><b>Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті өкілді органдары жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында:</b></p> <p>1) үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекітеді;</p> <p>2) жануарларды аулау, уақытша ұстау, және жансыздандыру қағидаларын бекітеді;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».</p> <p><i>Баптардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p> | <p>келтіру. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарларға жауапкершілікпен қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының 2-тармағымен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдарының құзыреті толықтырылды.</p> |                   |
| 72. | 9-баптың 1-тармағының бірінші | 9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>1. <b>Облыстардың, республикалық маңызы бар</b></p>   | <p><b>Депутат Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Баптың тақырыбы</p>  | <b>Қабылданды</b> |



|     |   |  |   |  |                   |
|-----|---|--|---|--|-------------------|
|     | абзацы  | 1. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:   | қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында:»;</b>  | «Құқықтық актілер туралы» Заңға сәйкес оның реттеу нысанасын белгілеуге тиіс.<br>Қаралып отырған бап барлық жергілікті атқарушы органдардың құзыретін емес, тек облыс, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінің құзыретін белгілейді.<br>Сондай-ақ жобаның 2-тарауының тақырыбына сәйкес келтіру (2-тарау. Жануарларды ұстау саласындағы мемлекеттік реттеу және басқару). |                   |
| 73. | 9-баптың 1-тармағының жаңа 1) тармақшасы      | 9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті<br><br>1. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:<br><br>Жоқ | Мынадай мазмұндағы жаңа 1) тармақшамен толықтырылсын:<br>«1) үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын әзірлейді;».<br><br><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Жергілікті атқарушы органдардың үй жануарларын ұстау жөнге серуендету қағидаларын әзірлеу құзыретін енгізу үшін.   | <b>Қабылданды</b> |
| 74. | 9-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары | 9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті<br><br>1. <b>Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:</b>     | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) <b>үй жануарларын</b> серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен бірге жүруге тыйым салынған орындарды  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасының 22-бабына сәйкес келтіру.<br>Редакцияны нақтылау.  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                     |  |   |   |                   |
|-----|-------------------------------------|--|---|---|-------------------|
|     |                                     | <p>...</p> <p>1) <b>жануарларды серуендетуге</b> не өзге мақсаттарда жануарлармен бірге жүруге тыйым салынған жерлерді айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде, <b>жануарларды серуендетуге</b> арналған орындарды жабдықтайды;</p> <p>2) жануарларға арналған панажайлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді және жануарларды иесіне беруге, адасып қалған жануарлардың иесін іздеуге, үй жануарларын биостерилизациялау қажеттігі туралы ақпарат беруге бағытталған әлеуметтік жарнаманы ұйымдастырады;</p> | <p>айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде, <b>үй жануарларын</b> серуендетуге арналған орындарды жабдықтайды;</p> <p>2) жануарларға арналған панажайлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді және жануарларды <b>жаңа</b> иелеріне беруге, адасып қалған жануарлардың иелерін іздеуге, үй жануарларын <b>стерилдеу</b> қажеттілігі туралы ақпараттандыруға бағытталған әлеуметтік жарнаманы ұйымдастырады;</p> |   |                   |
| 75. | 9-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы | <p>9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті</p> <p>1. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті өкілді органына үй жануарларын есепке алу қағидаларын бекіту үшін енгізеді;</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«3) үй жануарларын есепке алуды ұйымдастырады;».</b></p>  | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>8-баптың жаңа 14) тармақшасына сәйкес.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                       |   |   |  |                   |
|-----|---------------------------------------|---|---|--|-------------------|
| 76. | 9-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы   | <p>9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті</p> <p>1. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p>4) жануарларды аулау және өлтіру тәртібін, аулауға және өлтіруге жататын <b>жануарлардың тізбесін</b> әзірлейді;</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«4) жануарларды аулау, <b>уақытша ұстау және жансыздандыру қағидаларын</b> әзірлейді;».</p>  | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>Ю.В. Жулин,</b><br/><b>Д.Н. Тұрғанов</b></p> <p>Тізімде өлтірілетін жануарлардың қалай анықталатыны түсініксіз.</p> <p>Жануарларды аулау мен өлтірудің барлық құқықтық аспектілері ережелерде ескерілуі керек.</p>   | <b>Қабылданды</b> |
| 77. | 9-баптың 1-бабының жаңа 5) тармақшасы | <p>9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті</p> <p>1. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p><b>5) жоқ</b></p>  | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 5) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«5) қаңғыбас жануарлардың санын реттеуді ұйымдастырады;».</b></p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Заң жобасының мақсаттарына қол жеткізу және оларды іске асыру жүйелі ізгілікпен реттеу және қаңғыбас жануарлардың санын есепке алу арқылы мүмкін болады. Оның ішінде АСВҚ бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы. Бұл қажетті ұйымдастырушылық және өзге де инфрақұрылымы бар жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                       |  |  |  |                   |
|-----|---------------------------------------|--|--|--|-------------------|
| 78. | 9-баптың 1-бабының жаңа 5) тармақшасы | <p>9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті</p> <p>1. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласында өз құзыреті шегінде:</p> <p>...</p> <p><b>5) жоқ</b></p> | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 5) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«5) жануарларға арналған панажайларды есепке алуды жүргізеді.».</b></p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>  | <p><b>Депутат</b><br/><b>Д.Н. Назарбаева</b></p> <p>Жергілікті атқарушы органдардың жануарларды есепке алу бойынша құзыретін енгізу қажет.</p>   | <b>Қабылданды</b> |
| 79. | 9-баптың 2-тармағы                    | <p>9-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті</p> <p>...</p> <p>2. Жергілікті атқарушы органдар жануарларға арналған панажайлардың құрылысын және оларды асырауды ұйымдастыруға құқылы.</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«2. Жергілікті атқарушы органдар жануарларға арналған панажайларды салуды және күтіп-ұстауды ұйымдастыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарларға арналған жекеше панажайларды қоса қаржыландыруды жүзеге асыруға құқылы.».</b></p> | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>А.П. Рау,</b><br/><b>С.С. Ақышев,</b><br/><b>Е.Н. Абақанов,</b><br/><b>С.В. Имашева,</b><br/><b>В.А. Ким,</b><br/><b>А.Қ. Нұркина</b></p> <p>Заң жобасының 9-бабының 2-тармағын толықтыру ұсынылады. Қалалар мен жекелеген аудандарда үй жануарларына арналған панажайлар бар, олар азаматтардың ерікті қайырымдылықтары есебінен жұмыс істейді. Осы панажайларды ішінара қолдау панасыз жануарлардың (иттер, мысықтар) панажайларын ұстауға бюджет қаражатын бөлу мүмкіндігін</p> | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                       |  |  |  |                   |
|-----|---------------------------------------|--|--|--|-------------------|
|     |                                       |  |  | заңнамалық деңгейде қамтамасыз ету проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Бұл шара Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік шиеленісті, жануарларға мейірімсіз қарау фактілерін азайтуға мүмкіндік береді. |                   |
| 80. | 3-тараудың және 10-баптың тақырыптары | 3-тарау. Жануарларды асырауға және оларға жауапкершілікпен қарауға қойылатын негізгі талаптар<br>10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3-тарау. Жануарларды ұстау және оларға қарау жөніндегі негізгі талаптар<br><br>10-бап. Жануарларды ұстау жөніндегі жалпы талаптар                                       | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Осы тарауда жануарларға жалпы қарау мәселелері регламенттеледі.  | <b>Қабылданды</b> |
| 81. | 10-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы  | 10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар<br><br>1. Жануарларды асырау бойынша жалпы талаптарға:<br>1) жануарлардың биологиялық, түрлік және жеке-дара ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс, олардың <b>тамаққа, суға, ұйқыға, қозғалысқа, табиғи белсенділікке</b> деген табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс жануарларды асырау жағдайлары; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) жануарларды ұстау жағдайлары, олар жануарлардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиіс;». | <b>Депутат<br/>Б.А. Бекжанов</b><br><br>Редакциялық түзету.  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                                      |  |   |   |                   |
|-----|--------------------------------------|--|---|---|-------------------|
| 82. | 10-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы | <p>10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>1. Жануарларды асырау бойынша жалпы талаптарға:</p> <p>...</p> <p>2) <b>осы Заңның және Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жануарларға уақтылы ветеринариялық көмек көрсетуді және міндетті профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету жатады.</b></p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес <b>жануарлар ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету жатады.</b>».</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Ветеринария туралы» Заңның 35-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>2) тармақшаға сәйкес жануарларды ұстау жөніндегі жалпы талаптарға осы Заңның және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жануарларға ветеринариялық көмекті уақтылы көрсетуді және міндетті профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды уақтылы жүзеге асыруды қамтамасыз ету жатады. Сонымен бірге, заң жобасында міндетті профилактикалық ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыруға қатысты ережелер жоқ.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 83. | 10-баптың 2-тармағы                  | <p>10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>...</p>  | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«2. Жануарлардың жекелеген санаттарын ұстау осы Заңмен және Қазақстан</p>  | <p><b>Депутаттар<br/>С.В. Имашева,<br/>В.А. Ким,<br/>Е.Н. Абақанов</b></p>  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                          |   |   |  |                    |
|-----|--------------------------|---|---|--|--------------------|
|     |                          | 2. Жануарлардың жекелеген санаттарын асырау осы Заңмен және Қазақстан Республикасының <b>жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы</b> заңнамасымен реттеледі.   | Республикасының өзге де заңнамасымен реттеледі. ».  | Редакциялық түзету.  |                    |
| 84. | 10-баптың 3-тармағы      | 10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар<br><br>...<br>3. Жануарларды питомниктерде, панажайларда, зоологиялық қонақ үйлерде, уақытша асырау пунктерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында асырау тәртібін уәкілетті орган айқындайды. | Алып тасталсын.   | <b>Депутаттар<br/>М.А. Ахметов,<br/>Ғ.А. Елеуов,<br/>Е.Т. Жаңбыршин</b><br><br>Заң жобасының 8-бабының 2) тармақшасында бұл норма көзделген.   | <b>Қабыл-данды</b> |
| 85. | 10-баптың жаңа 3-тармағы | 10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар<br><br>...<br><b>Жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын:<br><b>«3. Тұрғынжайларда ұстауға тыйым салынған жануарлар тізбесіне енгізілген жануарларды тұрғынжайларда ұстауға және өсіруге жол берілмейді.».</b> | <b>Депутаттар<br/>Н.Ж. Ожаев,<br/>Д.Н. Тұрғанов</b><br><br>Ұстауға тыйым салынған жануарлардың тізбесін бекіту бойынша уәкілетті органның құзыретін бекіту жөніндегі ұсынылған түзетулерге байланысты. | <b>Қабыл-данды</b> |
| 86. | 10-баптың жаңа 4-тармағы | 10-бап. Жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар<br><br>...<br><b>Жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын:<br><b>«4. Аулау қызметтері, жануарларға арналған панажайлар, жануарларды уақытша</b>   | <b>Депутат<br/>Н.Ж. Ожаев</b><br><br>«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 4)   | <b>Қабыл-данды</b> |

|  |  |  |   |   |  |
|--|--|--|---|---|--|
|  |  |  | <p><b>ұстау пункттері қаңғыбас жануарларды вакциналауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырады.».</b></p> | <p>тармақшасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы, диагностикасы және оларды жою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар бекіткен тізбе бойынша жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы және диагностикасы жүзеге асырылады.</p> <p>Бұл ретте республикадағы жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша профилактикалық іс-шаралар жоспары АШМ-нің 30.06.2014 жылғы №16-07/332 бұйрығымен бекітілген жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және жүргізу жоспарына сәйкес жыл сайын бекітіледі.</p> <p>Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау тиісті әкімшілік-аумақтық</p> |  |
|--|--|--|---|---|--|



|     |                     |  |   |   |                   |
|-----|---------------------|--|---|---|-------------------|
|     |                     |  |   | <p>бірліктің соңғы 3 (үш) жылдағы эпизоотиялық мониторингі деректерінің, сондай-ақ басқа да өлшемшарттардың негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Осыған байланысты үй жануарларын аса қауіпті ауруларға қарсы вакциналау Қазақстан Республикасы ветеринария саласындағы заңнамасы аясында жүзеге асырылады.</p> <p>Бұдан басқа, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларын қоспағанда, инвазиялық ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларын емдеу, алдын алу, диагностикалау және жою иелерінің есебінен жүзеге асырылады.</p> |                   |
| 87. | 11-баптың 1-тармағы | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу<br>1. Жеке және заңды тұлғаларға меншік құқығында және өзге де заттай құқықтарда тиесілі, оның ішінде жануарларға арналған | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Есепке алынуы тиіс <b>үй жануарлары</b> тізбесіне | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутаттар</b>  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                          |  |   |   |                    |
|-----|--------------------------|--|---|---|--------------------|
|     |                          | панажайлардағы, уақытша асырау пункттеріндегі, жануарларға арналған оңалту орталықтарындағы, есепке алынуы тиіс жануарлар тізбесіне енгізілген үй жануарлары міндетті түрде есепке алынуға жатады және иесі ауысқан жағдайда қайта есепке алынады. | енгізілген, жеке және заңды тұлғаларға меншік құқығымен және өзге де заттай құқықтармен тиесілі, оның ішінде жануарларға арналған панажайлардағы, <b>жануарларды</b> уақытша ұстау пункттеріндегі, жануарларға арналған оңалту орталықтарындағы, зоологиялық питомниктердегі үй жануарлары <b>міндетті</b> есепке алынуға, жануар иесі ауысқан жағдайда <b>үй жануарларын есепке алу қағидаларында көзделген деректер базасында міндетті</b> қайта есепке алынуға жатады.». | <b>Д.Н. Назарбаева,<br/>Е.В. Смайлов</b><br><br>Заң жобасын 8-бабының 8) тармақшасына сәйкес келтіру.<br>Редакциялық түзету.<br>Заң жобасын 2-баптың 17) тармақшасына сәйкес келтіру. |                    |
| 88. | 11-баптың жаңа 2-тармағы | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу<br>...<br><b>Жоқ</b>   | Мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын:<br><b>«2. Үй жануарларын есепке алуды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария</b>   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасының 11-бабының 5-тармағына сәйкес келтіру.  | <b>Қабыл-данды</b> |

|     |   |  |  |   |                   |
|-----|---|--|--|---|-------------------|
|     |   |  | саласындағы емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар жүзеге асырады.».                                   |   |                   |
|     |   |  | <i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i>  |   |                   |
| 89. | 11-баптың жаңа 2-тармағы                  | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу<br>...<br>2. Жануарлар иелерінің дербес деректері қамтылатын ақпаратпен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының <b>дербес деректер</b> туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. | « <b>дербес деректер</b> » деген сөздер « <b>дербес деректер және оларды қорғау</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.  | Депутат<br><b>Б.Н. Торғаев</b><br><br>«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның 4-бабына сәйкес келтіру. | <b>Қабылданды</b> |
| 90. | 11-баптың 3-тармағы                       | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу<br>...<br>3. Үй жануарларын есепке алу бұйымын (құралын) пайдаланып үй жануарын есепке алу ақылы негізде жүргізіледі.  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3. Үй жануарларын есепке алу <b>үй жануарларын есепке алу бұйымдарын (құралдарын) пайдалана отырып, ақылы негізде жүргізіледі.</b> ». | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</b><br>Депутат<br><b>Д.Н. Назарбаева</b>                  | <b>Қабылданды</b> |
| 91. | 11-баптың 3-тармағының жаңа екінші бөлігі | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу<br>...<br>3. Үй жануарларын есепке алу бұйымын (құралын) пайдаланып үй жануарын есепке алу ақылы негізде жүргізіледі.  | Жобаның 11-бабының 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br><b>«Иелері халықтың</b>  | Депутат<br><b>А.А. Милютин</b><br><br>Зейнеткерлерге, мүгедектерге және   | <b>Қабылданды</b> |

|     |                          |  |   |   |                    |
|-----|--------------------------|--|---|---|--------------------|
|     |                          | Жоқ  | әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.».   | халықтың әлеуметтік осал топтары болып табылатын басқа да адамдарға жергілікті бюджет қаражаты есебінен үй жануарларын есепке алуды жүргізуге мүмкіндік беретін норманы көздеу қажет. Бұл норма әлеуметтік бағытта болады.                        |                    |
| 92. | 11 баптың 4-тармағы      | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу ...<br>4. Үй жануарын есепке алу фактісі үй жануарына берілген жеке нөмірдің және үй жануарының паспортындағы жануар иесі туралы деректердің болуымен расталады. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4. Үй жануарларын есепке алу кезінде үй жануарларын есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен үй жануарына жеке нөмірі беріледі.».  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</b><br><b>Депутат</b><br><b>Е.В. Смайлов</b><br><br>Редакцияны нақтылау. Заң жобасында үй жануарының паспортын беру көзделмеген.  | <b>Қабыл-данды</b> |
| 93. | 11-баптың жаңа 5-тармағы | 11-бап. Үй жануарларын есепке алу ...<br><b>Жоқ</b>  | Мынадай мазмұндағы жаңа тармақпен толықтырылсын:<br>«5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы емдеу- | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Есепке алынған үй жануарларының базасын уақтылы қалыптастыру мақсатында үй және қадағалаусыз жануарлар бойынша нақты жағдайды білу үшін ветеринариялық қызметтер мен жергілікті | <b>Қабыл-данды</b> |

|  |  |  |  |   |  |
|--|--|--|--|---|--|
|  |  |  | <p><b>профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес есепке алынған үй жануарлары туралы ақпарат беруге міндетті.</b></p> <p><b>Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-күнінен кешіктірмей жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті органға үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес есепке алынған үй жануарлары туралы ақпарат береді.».</b></p> | <p>атқарушы органдардан ақпарат ұсыну мерзімдерін бекіту қажет.</p> |  |
|--|--|--|--|---|--|

|     |                               |  |  |  |                   |
|-----|-------------------------------|--|--|--|-------------------|
| 94. | 11 баптың 5-тармағы           | <p>11-бап. Үй жануарларын есепке алу ...</p> <p>5. Есепке алынған үй жануарларының иелері үй жануары өлген кезден бастап он тәуліктен аспайтын мерзімде <b>есепке алуды жүргізген</b> ветеринариялық қызметке бұл туралы хабар беруге міндетті.</p>  | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«5. Есепке алынған үй жануарларының иелері үй жануарлары өлген кезден бастап он тәуліктен аспайтын мерзімде <b>облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға немесе ветеринария саласындағы емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға бұл туралы хабарлауға міндетті.</b>».</p> | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>С.В. Имашева,</b><br/><b>В.А. Ким,</b><br/><b>Е.Н. Абақанов</b></p> <p>«Ветеринария туралы» Заңның 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 95. | 12-баптың 1 және 2-тармақтары | <p>12-бап. Жануарларды тасымалдауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>1. Жануарларды тасымалдау кезінде олардың азыққа, суға, ауаға, қозғалысқа, табиғи қажеттіліктерін өтеуге деген қажеттіліктері қанағаттандырылуға тиіс, сондай-ақ жануарларды зиянды сыртқы әсерлерден қорғау қамтамасыз етілуге тиіс. Кеңістіктің көлемі тасымалданатын жануарлардың ерекшеліктеріне сәйкес келуге тиіс.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Жануарларды тасымалдау кезінде олардың азыққа, суға, ауаға, қозғалысқа, табиғи қажеттіліктерін өтеуге деген қажеттіктері қанағаттандырылуға тиіс,</p>   | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң жобасының 2-бабының 14) тармақшасына сәйкес келтіру.</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|     |                     |  |  |   |                          |
|-----|---------------------|--|--|---|--------------------------|
|     |                     | <p>2. Жануарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралы жануарларды тиеу, тасымалдау және түсіру кезінде олардың <b>мертігуін, жарақат алуын</b> немесе өлуін, сондай-ақ көлік құралынан өз еркімен шығып кетуін болғызбайтындай етіп жабдықталуға тиіс.</p> | <p>сондай-ақ жануарлар үшін зиянды сыртқы әсерлерден оларды қорғау қамтамасыз етіледі. Көлік кеңістігінің көлемі тасымалданатын жануарлардың <b>биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне</b> сәйкес келуге тиіс.</p> <p>2. Жануарларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралы жануарларды тиеу, тасымалдау және түсіру кезінде жануарлардың <b>мертігуін</b> немесе <b>саулығына өзге де зиян келтірілуін</b> немесе жануарлардың өлуін, сондай-ақ көлік құралынан олардың өз бетімен шығып кетуін болғызбайтындай етіп жабдықталуға тиіс.</p> <p>3. Жануарларды тасымалдау оларды тасымалдау қағидалары сақтала отырып, жүзеге асырылады.».</p> |   |                          |
| 96. | 12-баптың 3-тармағы | <p>12-бап. Жануарларды тасымалдауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>...</p> <p>3. Жануарларды тасымалдау кезінде жануардың иесі немесе жауапты адам ветеринариялық талаптар</p>  | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3. Жануарларды тасымалдау жануарларды тасымалдау қағидалары</p>  | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті, Депутаттар С.В. Имашева,</b></p> | <p><b>Қабылданды</b></p> |

|     |                        |   |   |  |                         |
|-----|------------------------|---|---|--|-------------------------|
|     |                        | мен көлік қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.  | сақтала отырып жүзеге асырылады.».  | <b>В.А. Ким,<br/>Е.Н. Абақанов,<br/>Г.А. Нұримова,<br/>З.А. Камасова,<br/>Экология мәселелері<br/>және табиғат пайдалану<br/>комитеті</b><br><br>«Ветеринария туралы»<br>Заңның 25-бабының 1)<br>тармақшасына сәйкес<br>келтіру. |                         |
| 97. | 13-бап                 | 13-бап. Жануарларды өсіруге қойылатын жалпы талаптар<br>1. Жануарларды өсіру кезінде жануарларға қараудың негізгі қағидаттары ескерілуге тиіс.  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Жануарларды өсіру кезінде жануарларға қараудың <b>осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген жалпы талаптары ескерілуге тиіс.</b> ». | <b>Депутаттар<br/>С.В. Имашева,<br/>В.А. Ким,<br/>Е.Н. Абақанов</b><br><br>Нақтылаушы редакция.  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 98. | 13-баптың<br>2-тармағы | 13-бап. Жануарларды өсіруге қойылатын жалпы талаптар<br>...<br>2. Жануарлар үшін қажетті жағдайлар жасай алмаған жағдайда <b>несі және/немесе жауапты адам</b> қоршаған ортаны қорғауды, санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотиялық саламаттылықты, халықтың өмірі мен денсаулығын | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Жануарлардың <b>ұрпағына</b> қажетті жағдайлар жасау мүмкін болмаған кезде <b>жануар иелері және (немесе) жауапты адамдар</b> оларды                              | <b>Депутаттар<br/>Г.А. Нұримова,<br/>З.А. Камасова</b><br><br>Редакциялық түзетулер.   | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |



|      |                               |  |  |   |                         |
|------|-------------------------------|--|--|---|-------------------------|
|      |                               | сақтауды қамтамасыз ету мақсатында оларды биостерилизациялауды қамтамасыз етеді.   | <b>стерилдеуді</b> қамтамасыз етеді.».   |   |                         |
| 99.  | 14-баптың 1 және 2-тармақтары | 14-бап. Ветеринариялық қызметтер көрсету кезінде жануарларға қараудың ерекшеліктері<br>1. Жануардың <b>иесі, сондай-ақ өзге де</b> жауапты адам Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес жануарға ветеринариялық көмектің уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Жануардың иесі <b>және (немесе)</b> жауапты адам Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес жануарға ветеринариялық көмектің уақтылы көрсетілуін қамтамасыз етуге міндетті.».  | <b>Депутаттар<br/>Г.А. Нұрымова,<br/>З.А. Камасова</b>  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 100. | 14-баптың 2-тармағы           | 14-бап. Ветеринариялық қызметтер көрсету кезінде жануарларға қараудың ерекшеліктері<br>...<br>2. Жануарларға өткір ауырсынуға әкелетін емшаралар жүргізген кезде <b>ветеринар маман</b> ауырсынуды басуды (қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда) қолдануға міндетті.                                | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Жануарларға қатты ауырсынуды тудыратын емшараларды <b>ветеринария мамандықтары бойынша жоғары, орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі бар адамдар</b> жүргізеді, олар қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда ауырсынуды басуды немесе анестезияны қолдануға міндетті. | <b>Депутаттар<br/>Е.В. Смайлов,<br/>Ғ.З. Құлахметов,<br/>Г.А. Нұрумова,<br/>З.А. Камасова</b> | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|  |  |  |  |   |
|--|--|--|--|---|
|  |  |  |  | <p>мамандықтары бойынша жоғары, орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі бар қызметкері. Яғни, ауырсынуды басып және онсыз процедураларды ветеринария саласындағы мамандар: ветеринариялық дәрігер, (ветеринариялық фельдшер немесе ветеринариялық санитар - ветеринардың бақылауымен және бақылауынсыз) жүргізе алады. Бұл ұсынысты қолдану орта буын мамандарына өз құзыреті мен біліктілігін ескере отырып, жоғары білімі бар мамандармен тең дәрежеде өз лауазымдық міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда білім қызметін Қазақстан Республикасында ветеринариялық фельдшерлерді, ветеринариялық техниктерді және ветеринариялық санитарларды оқытатын 24 колледж бар. Бұрын келтірілген (15.10.21 ж.) негіздеме осы баптың 3-</p> |
|--|--|--|--|---|

|      |                     |   |   |   |                   |
|------|---------------------|---|---|---|-------------------|
|      |                     |   |   | тармағына көбірек сәйкес келеді. Жоғарыдан қараңыз!   |                   |
| 101. | 14-баптың 3-тармағы | <p>14-бап. Ветеринариялық қызметтер көрсету кезінде жануарларға қараудың ерекшеліктері</p> <p>...</p> <p>3. Күрделі инвазиялық емшараларға жататын, оның ішінде күшті әсер ететін анестезиялық препараттар пайдаланылатын ветеринариялық емшаралар мен манипуляцияларды, хирургиялық операцияларды, диагностикалық іс-шараларды, дәрілік препараттар мен кешенді емді тағайындауды <b>тиісті кәсіби білімі бар адамдар</b> жүргізе алады.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3. Күрделі хирургиялық емшараларға, оның ішінде күшті әсер ететін анестезия препараттарын пайдаланатын емшараларға жататын ветеринариялық емшаралар мен манипуляцияларды <b>ветеринария мамандықтары бойынша жоғары білімі бар адамдар</b> жүргізе алады.».</p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Күшті анестезия препараттарын қолдана отырып, ветеринариялық емшаралар мен манипуляцияларды, хирургиялық операцияларды, диагностикалық шараларды, дәрі-дәрмектерді тағайындауды және кешенді емдеуді тек ветеринариялық дәрігерлер немесе заңда айқындалғандай жоғары кәсіби білімі бар «ветеринария саласындағы мамандар» жүргізе алады.</p> <p>Өзірлеушілер тармақшаның редакциясын «Ветеринария туралы» Заңның 1-бабының 24) тармақшасына қатаң сәйкестікке келтіруге тырысқанын атап өткім келеді, олар бұл тармақшаның мәтінінде жалпы денсаулық жағдайын</p> | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                      |   |  |   |                   |
|------|--------------------------------------|---|--|---|-------------------|
|      |                                      |   |  | <p>бағалау үшін жануарды тек ветеринариялық тексеру туралы ғана айтылғанын және басқа да ветеринариялық рәсімдер мен манипуляциялар туралы айтылмағанын ескермеді.</p> <p>Жоғарыда аталған заңның тұжырымдамалық бөлігінде «ветеринариялық дәрігер» ұғымы жоқ. Бұл жағдай, өз кезегінде, шатасуды болдырмау үшін тұжырымдамаларды енгізуді талап етеді: ветеринар, ветеринариялық фельдшер, ветеринариялық санитар. Қазақстан Республикасының кәсіптері мен мамандықтарының мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес.</p> |                   |
| 102. | 15-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы | <p>15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою</p> <p>1. Жануарларды өлтіруге мынадай жағдайларда:</p> <p><b>1) шаруашылық жағынан пайдалы өнім алу үшін (жануарларды сою);</b></p> | <p>1) тармақша алып тасталсын.</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін</i></p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е В. Смайлов</b></p> <p>Біріншіден, өнімді жануарларды сою басқа НҚА-мен реттеледі. Екіншіден, әзірлеушілер бұл норма үй жануарларына (компаньон жануарларға)</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                      |   |   |  |                         |
|------|--------------------------------------|---|---|--|-------------------------|
|      |                                      |   |   | қатысты қолдануға бағытталған және осы бапта осы норманы табу заңға екі жақты түсінік береді деп бірнеше рет айтқан.   |                         |
| 103. | 15-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы | 15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою<br>1. Жануарларды өлтіруге мынадай жағдайларда:<br>...<br>2) <b>жануарлардың</b> азап шегуін тоқтату үшін, егер оларды өзгеше тәсілмен тоқтату мүмкін болмаса;  | «жануарлардың» деген сөзден кейін « <b>физикалық</b> » деген сөзбен толықтырылсын.  | <b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Редакцияны нақтылау.   | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 104. | 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы | 15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою<br>1. Жануарларды өлтіруге мынадай жағдайларда:<br>...<br>4) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жабайы жануарлардың санын реттеу кезінде және аң аулау кезінде; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>« <b>4) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында айқындалған тәртіппен жабайы жануарлардың санын реттеу және аң аулау мен балық шаруашылығын жүргізу кезінде;</b> »; | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,<br/>Депутат<br/>Б.А. Бекжанов</b><br><br>Жануарларды жансыздандырудың барлық жағдайларын қамту мақсатында редакцияны нақтылау. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 105. | 15-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы | 15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою<br>1. Жануарларды өлтіруге мынадай жағдайларда:<br>...  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>« <b>5) жануарлар адамға, жануарларға шабуыл жасаған жағдайларда және</b>   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,<br/>Депутат<br/>Б.А. Бекжанов</b>  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|      |  |   |   |  |                   |
|------|--|---|---|--|-------------------|
|      |  | 5) жануарлар адамға <b>айқын</b> шабуыл жасаған жағдайларда немесе жануар адамның өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төндіретін өзге де жағдайларда;   | (немесе) <b>жануарлар</b> адамның, <b>жануарлардың</b> өміріне немесе денсаулығына қатер төндіретін, <b>сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке</b> қатер төндіретін өзге де жағдайларда;».   | Жануарлар шабуылдайтын барлық жағдайларды қамту мақсатында редакцияны нақтылау.  |                   |
| 106. | 15-баптың 1-тармағының б) тармақшасы           | 15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою<br>1. Жануарларды өлтіруге мынадай жағдайларда:<br>...<br>б) <b>құтырмамен немесе адамдар үшін аса қауіпті басқа да емделмейтін аурумен ауыратын немесе адамдар үшін аса қауіпті емделмейтін аурудың тасымалдаушысы болып табылатын</b> жекелеген жануарларды өлтіру қажет болған кезде жол беріледі. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«б) <b>Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес адамның және жануарлардың денсаулығына қауіп төндіретін жануарлардың ерекше қауіпті және жұқпалы ауруларын жою кезінде жол беріледі.</b> ». | <b>Депутат<br/>Е.В. Смайлов</b><br><br>Осы редакцияны тармақшада жазылған нормаларды неғұрлым егжей-тегжейлі түсіну үшін ұсынамын, ал «емделмейтін» деген сөзді осы аурулардың қандай да бір даму сатысында (туберкулез, бруцеллез және басқалары) оларды тоқтатқан кезде де туындауы мүмкін салдарларға байланысты алып тастадым. | <b>Қабылданды</b> |
| 107. | 15-баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары | 15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою<br>...<br>2. Жануарларды өлтіру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:  | «азабын» деген сөз « <b>физикалық азаптануын</b> » деген сөздермен ауыстырылсын;<br>Логикалық дәйектілікті сақтау үшін 1) және 2)   | <b>Депутат<br/>Е.В. Смайлов</b><br><br>«Ауырсыну инъекциясы» деген сөздерді-жануарларда ауырсыну   | <b>Қабылданды</b> |

|      |  |   |   |  |                   |
|------|--|---|---|--|-------------------|
|      |  | <p>1) өлтіру жануарлардың өлім алдындағы <b>азабын</b> болғызбайтын әдістермен жүргізіледі;</p> <p>2) өлтіру жүргізілетін үй-жай басқа жануарлар ұсталатын үй-жайдан бөлек болуға тиіс;</p>   | тармақшалардың орны ауыстырылсын.   | сезімталдығы мен патофизиологиялық (инъекция кезінде жай-күйінің әртүрлі болуы: негізгі аурулармен бірге жүретін ауырсыну реакциялары) және психикалық (оларда да жүйке жүйесінің төрт түрі бар: меланхолик, флегматик, сангвиник және холерик) жай-күйі шектерінің әртүрлі болуына байланысты алып тастауды ұсынамын. |                   |
| 108. | 15-баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшалары | <p>15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою</p> <p>...</p> <p>2. Жануарларды өлтіру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:</p> <p>...</p> <p>3) тұншығудан, электр тогынан, <b>ауырсыну инъекцияларынан</b>, уланудан, <b>кураре тәрізді препараттардан, қызып кетуден</b> өлімге әкелетін жануарларды өлтірудің адамгершілікке жатпайтын әдістерін және <b>басқа да ауырсыну әдістерін</b> қолдануға тыйым салынады;</p> <p>4) жануарларды өлтіру үшін құрамында <b>мырыш фосфиді бар пестицидтерді пайдалануға тыйым салынады.</b></p> | <p>3) және 4) тармақшалар біріктіріліп, мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«3) жануарларды жансыздандырудың тұншығудан, электр тогынан, уланудан, <b>оның ішінде пестицидтармен уланудан, термиялық әсерден</b> өлімге әкелетін адамгершілікке жат <b>және басқа да адамгершілікке жат әдістерді</b> қолдануға тыйым салынады;».</p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>«Ауырсыну инъекциясы» деген сөздерді жануарларда ауырсыну сезімталдығы мен патофизиологиялық (инъекция кезінде жай-күйінің әртүрлі болуы: негізгі аурулармен бірге жүретін ауырсыну реакциялары) және психикалық (оларда да жүйке жүйесінің төрт түрі</p>             | <b>Қабылданды</b> |

|      |                               |   |  |  |                   |
|------|-------------------------------|---|--|--|-------------------|
|      |                               |   | <i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін</i>   | бар: меланхолик, флегматик, сангвиник және холерик) жай-күйі шектерінің әртүрлі болуына байланысты алып тастауды ұсынамын.<br>Флегматик пен холерикке кез келген инъекция жасау бірдей емес! |                   |
| 109. | 15-баптың 3 және 4-тармақтары | 15-бап. Жануарларды өлтіру және олардың өлексесін жою<br>...<br>3. Осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларда, туындаған жағдай кезінде адамның өміріне немесе денсаулығына нақты қатерді жоюдың басқа мүмкіндігі болмаған жағдайларды қоспағанда, осы баптың 2-тармағының талаптарын сақтау міндетті болып табылады.<br>4. Жануарларды өлтіру және олардың өлекселерін көму кезінде Қазақстан Республикасының ветеринария, денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптары сақталуға тиіс. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><br>«3. Осы баптың 2-тармағының талаптары осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес адамдардың және (немесе) жануарлардың өміріне немесе денсаулығына, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке нақты қауіпті жою кезінде жануарларды өлтіру жағдайларына қолданылмайды.»; | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Редакциялық түзету.  | <b>Қабылданды</b> |
| 110. | 16-бап                        | 16-бап. Жабайы жануарларды қарауға қойылатын талаптар<br>Жабайы жануарларға қатыгездікпен қараудың алдын алу мақсатында оларды асырауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасында белгіленеді.   | «жануарларды қарауға қойылатын» деген сөздер «жануарларға қарау кезіндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;<br>«талаптар» деген сөз «талаптар осы Занда   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Редакцияны нақтылау.<br>Жануарларды ұстауға қойылатын жалпы талаптар   | <b>Қабылданды</b> |



|      |                     |   |  |   |                   |
|------|---------------------|---|--|---|-------------------|
|      |                     |   | және» деген сөздермен ауыстырылсын.  | заң жобасының 10-бабында да белгіленген.  |                   |
| 111. | 17-баптың 2-тармағы | 17-бап. Ауыл шаруашылығы жануарларын қарау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. <b>Жануарларды</b> сою Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.   | « <b>Жануарларды</b> » деген сөз « <b>Ауыл шаруашылығы жануарларын</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Редакцияны нақтылау.  | <b>Қабылданды</b> |
| 112. | 18-бап              | 18-бап. Мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану кезінде жануарларды қарауға қойылатын талаптар<br><br>1. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және асырау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.<br>2. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалануға және оларды асырауға қойылатын талаптарда оларды пайдалану шарттары айқындалады, оларды сақтау олардың өмірі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық (түрлік және жеке-дара) ерекшеліктеріне сәйкес мұндай жануарларды неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мұндай жануарларды ұстайтын орындарға және оларды пайдалануды жүзеге асыратын адамдарға қойылатын талаптар айқындалады.<br>3. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалануды көздейтін қызметті, егер ғимараттар бұған әдейі арналмаған болса | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«18-бап. Мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдаланған жағдайда жануарларды қарауға қойылатын талаптар<br>1. Мәдениет, демалыс және ойын-сауық саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде зоопарктерде, цирктерде, спорттық жарыстарда, жарнама жасау процесінде, кинематография туындыларын жасау кезінде, фото және бейне өнімдерді өндіру үшін, теледидарда, ағарту қызметінде, демонстрациялау | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасы мен қолданыстағы заңнама ережелері зоотеатрлардың анықтамаларын қамтымайды. «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңның 10-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру. Қайталануды болдырмау мақсатында, өйткені 16) тармақшада жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану – жануарларды мәдениет, демалыс және ойын-сауық саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде пайдалану деп көрсетіледі. | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  | <p>немесе құрылысжайлар оқшау аумақтарда орналаспаса, оларды асырау орындарынан тыс жерлерде жүзеге асыруға, сондай-ақ көрермендерге немесе келушілерге жануарлармен физикалық тұрғыдан қатынас жасауға жол берілмейді.</p> <p>4. Егер жануарларды асырау, тасымалдау олардың тіршілігі мен саулығына залал келтірмей, осындай жануарларды биологиялық (түрлік және жеке-дара) ерекшеліктерге сәйкес неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, оларды жылжымалы хайуанаттар бақтарында, жылжымалы зоопарктерде, жабайы жануарлардың жылжымалы көрмелерінде, сондай-ақ жылжымалы және стационарлық дельфинарийлерде, океанариумдарда және қарым-қатынас жасайтын зоопарктерде пайдалануға жол берілмейді.</p> <p>5. Жануардың саулығын нашарлататын дәрілік және өзге де препараттарды оны мәдени, ойын-сауық және көпшілікке көрсету мақсаттарында пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында қолдануға тыйым салынған.</p> <p>6. Егер жануарды одан әрі нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болмаса, жануардың иесі немесе жауапты адам мұндай жануарды ол өздігінен өлгенге дейін асырауды қамтамасыз етуге немесе оны жануарлар панажайына, қажетті жағдайлар жасауға қабілетті жеке немесе заңды тұлғаларға беруге міндетті.</p> <p>Егер жануардың саулығы жасына байланысты өзгерістерге, созылмалы аурулардың болуына, жарақаттан кейінгі жағдайға орай тұрақты ауырсынулармен не мүшелер жүйесінің бұзылуына немесе тірек-қимыл аппаратының ауыр функционалдық бұзылуына байланысты</p> | <p>мақсатында жануарларды пайдалану жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану болып табылады.</p> <p>2. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану және ұстау адамдардың және (немесе) жануарлардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіруді болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын сақтау ескеріле отырып жүзеге асырылады.</p> <p>3. Егер жануарларды ұстау олардың тіршілігі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жануарларды неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, оларды стационарлық океанариумдарда пайдалануға жол берілмейді.</p> <p>4. Жануарды мәдени, ойын-сауық және демонстрациялау мақсаттарында пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында оның</p> |  |  |
|--|--|--|--|--|--|

|      |                          |   |  |   |                   |
|------|--------------------------|---|--|---|-------------------|
|      |                          | <p>жануардың тіршілік ету сапасының нашарлауын білдірсе, ветеринар маманның қорытындысы бойынша жануардың иесі эвтаназия туралы шешім қабылдауға құқылы.</p> <p>7. Жануарларға жарақат салумен және мертіктірумен, жануарларды өлтірумен байланысты, олардың азаптануын, оның ішінде өлім алдындағы азабын бақылайтын, жануарларды басқа жануарларды пайдалана отырып өлтіретін ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ мұндай іс-шараларға пассивті қатысуға (қатысуға) тыйым салынады.</p> <p>8. Жануарларды жаттықтыру кезінде:</p> <p>1) жануарларды ұрып-соғуға, жарақаттауға және мертіктіруге, онихэктомия жасауға және азу тістерін алып тастауға;</p> <p>2) жануарларды жарақаттайтын іс-әрекеттерді орындауға мәжбүрлеуге рұқсат етілмейді</p> | <p>саулығының жағдайын нашарлататын дәрілік және өзге де препараттарды қолдануға тыйым салынады.</p> <p>5. Жануарларды мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалануды көздейтін қызметті жүзеге асыруға оларды ұстау орындарында, сол үшін әдейі арналған ғимараттарда, құрылыстарда, үй-жайларда немесе оқшауланған аумақтарда жол беріледі.».</p> |   |                   |
| 113. | 18-баптың жаңа 6-тармағы | <p>18-бап. Мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану кезінде жануарларды қарауға қойылатын талаптар</p> <p>...</p> <p><b>6. Жоқ</b></p>   | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 6-тармақпен толықтырылсын:</p> <p><b>«6. Көрермендерге немесе келушілерге жануарлармен физикалық контакт жасату арқылы, оның ішінде коммерциялық пайдалану және фото мен бейне түсірілімдерге адамдардың белгісіз біртобының оларға қол жеткізу үшін жануарларды мәдени-</b></p>                                      | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>Е.В. Смайлов,</b><br/><b>С.В. Имашева,</b><br/><b>Ғ.З. Құлахметов</b></p> <p>Уәкілетті орган ерекшеліктер тізімін енгізуге тиіс. Мысалы, Ресейде. Бұл ерекшеліктер: көрмелер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өндірісі және т.б.</p> <p>Алматыда Арбатта, саябақтарда Қызыл кітапқа енген құстар көңіл көтеру</p> | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                    |   |   |  |                    |
|------|------------------------------------|---|---|--|--------------------|
|      |                                    |   | <p><b>ойын-сауық мақсаттарында пайдалануды көздейтін қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.».</b></p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>   | <p>үшін қолданылады. Фотосессиялар үшін арыстан ұрпақтары оіх-те жиі еркін сатылады – бұл әрекеттерге этикалық тұрғыдан жол берілмейді және қазіргі уақытта нақты НҚА болмауына байланысты Табиғатты қорғау прокуратурасы бақыламайды.</p>   |                    |
| 114. | 18-баптың жаңа 7 және 8-тармақтары | 18-бап. Мәдени-ойын-сауық мақсаттарында пайдалану кезінде жануарларды қарауға қойылатын талаптар<br>...<br><b>Жоқ</b> | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:</p> <p><b>«7. Ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы хайуанаттар бақтарының, контактілі зоопарктердің, жылжымалы океанариумдардың, жылжымалы жануарлар көрмелерінің қызметіне тыйым салынады.</b></p> <p><b>8. Дельфинарийлердің қызметіне тыйым салынады.</b></p> <p><b>9. Дельфинарийлер, жылжымалы хайуанаттар бақтарын, контактілі</b></p> | <p><b>Депутаттар<br/>Е.В. Смайлов,<br/>С.В. Имашева,<br/>Ғ.З. Құлахметов</b></p> <p>Хайуанаттар бақтары (контактілі зоопарктер) – көрсету үшін еріксіз жағдайда ұсталатын жабайы жануарлардың коллекциясы, жылжымалы дельфинарийлер жануарлардың «табиғи мекендеу ортасын» қамтамасыз ете алмайды. Әдетте, олар басқа елдерден әкелінеді, сондықтан олар іс жүзінде бақылауға жатпайды, санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау талаптарына сай келмейді және тасымалдау</p> | <b>Қабыл-данды</b> |

|      |                      |  |  |   |                    |
|------|----------------------|--|--|---|--------------------|
|      |                      |  | <p>зоопарктер, ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы жануарлар көрмелерін, жылжымалы океанариумдар құруға тыйым салынады.».</p> <p><i>Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p> | <p>мен ұстаудың шектеулі жағдайларына байланысты жануарларды азаптау көздері болып табылады. Мысал - Ақтөбеде арыстанды ұстайтын шулы кейс және 10 жыл ішінде зоологиялық қорғау ұйымдары шағымдардан байқаған басқа да көптеген кейстер (ҚР аумағына тұрақты кіретін бірде-бір жылжымалы хайуанаттар бағы жазаға тартылмаған-фотосессияларға немесе контактіге арналмаған арыстандар, аюлар, түлкілер, қасқырлар және басқа да жабайы жануарлар тығыз торларда ұсталады.</p> |                    |
| 115. | 19-баптың 18-тармағы | <p>19-бап. Эксперименттік (зертханалық) жануарларға қарау кезіндегі талаптар</p> <p>...</p> <p>18. Жануарлардың өліміне немесе жарақаттануына әкеп соғатын рәсімдер моральдық немесе діни қағидаттарына қайшы келетін оқушыларды оларды орындатуға мәжбүрлеуге тыйым салынады.</p> | Алып тасталсын.  | <p><b>Депутат<br/>Ю.В. Кучинская</b></p> <p>Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес біз өзімізді зайырлы мемлекет деп санаймыз.</p> <p>«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның 3-бабының 4-тармағына сәйкес: рухани (діни) білім беру</p>  | <b>Қабыл-данды</b> |

|      |        |   |   |  |                    |
|------|--------|---|---|--|--------------------|
|      |        |   |   | <p>ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.</p> <p>Үкіметтің 31.12.2020 жылғы № 953 «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған Кешенді жоспарды бекіту туралы» Қаулысына сәйкес 4-бөлім – білім беру жүйесінде оқушылардың діни себептер бойынша діни оқу сабақтарына қатысудан бас тартуына жол бермеу.</p> |                    |
| 116. | 19-бап | <p>19-бап. Эксперименттік (зертханалық) жануарларға қарау кезіндегі талаптар</p> <p>1. Ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу кезінде, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу кезінде эксперименттік (зертханалық) жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін жануарларды пайдалануды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген құжаты бар адамдар <b>ғана</b> және осы мақсаттар үшін баламалы</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«19-бап. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеу кезіндегі талаптар</p> <p>1. Ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу кезінде, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу кезінде</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</b><br/><b>Депутат</b><br/><b>Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Редакциялық түзету.</p>   | <b>Қабыл-данды</b> |

|  |  |   |   |  |  |
|--|--|---|---|--|--|
|  |  | <p>объектілер мен модельдерді пайдалану мүмкін болмаған жағдайларда ғана жүзеге асыра алады.</p> <p>2. Жануарларға өздері қатты ауырсынатын процедураларды жүргізу белгіленген тәртіппен тіркелген ауырсынуды басатын препараттарды қолдану арқылы ауырсынуды басу жағдайын сақтай отырып жүзеге асырылады.</p> <p>3. Эксперимент процесінде, одан кейін де жануардың азаптануы барынша азайтылуға тиіс.</p> <p>4. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеген кезде жануарларды хирургиялық жолмен дыбыс шығару мүмкіндігінен айыруға (ветеринариялық көрсетілімдерден басқа), сондай-ақ жануарларды асырау орындарынан (торлардан, бокстардан, террариумдардан, аквариумдардан және басқа да асырау орындарынан) алып шығу кезінде жарақаттайтын әдістер мен тәсілдерді қолдануға жол берілмейді.</p> <p>5. Оқу мақсатында жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін көрсетілімдер өткізуге тыйым салынады.</p> <p>6. Егер жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін болса, оқу мақсатында рефлекторлық қызметтің жақсы таныс құбылыстарын көрсетуге тыйым салынады.</p> <p>7. Эксперименттік (зертханалық) жануарларға тиісті күтім, су, тамақтандыру, желдетілетін, жарықтандырылған, жылытылатын, уақтылы тазаланатын үй-жайда асырау қамтамасыз етілуіне тиіс.</p> <p>8. Тіршілік етуге қабілетсіз эксперименттік (зертханалық) жануар жануарларға ізгілікпен қарау талаптары сақтала отырып, оның жағдайы нашарлағанға дейін өлтіріледі.</p> | <p>эксперименттік (зертханалық) жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін жануарларды пайдалану осы мақсаттар үшін баламалы объектілер мен модельдерді пайдалану мүмкін болмаған жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.</p> <p>2. Эксперименттік (зертханалық) жануарларға олар қатты ауырсынатын процедураларды жүргізу ауырсынуын немесе физикалық азаптануын барынша азайту үшін ауырсынуды басу немесе анестезия қолданыла отырып жүзеге асырылады.</p> <p>3. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеу кезінде жануарлардың ең аз саны пайдаланылуы тиіс.</p> <p>4. Ветеринариялық дәрігердің қорытындысында көзделген жағдайларды қоспағанда, жануарларды ұстау орындарынан алып шығу кезінде эксперименттік (зертханалық) жануарларды хирургиялық жолмен дыбыс</p> |  |  |
|--|--|---|---|--|--|

|  |  |  |   |  |  |
|--|--|--|---|--|--|
|  |  | <p>9. Жануарды өлтіруді оны пайдалануға жауапты адам жүргізеді не оның тікелей бақылауымен жүргізіледі. Жануардың тіршілік етуге қабілетсіздігі мен өлімін оны пайдалануға жауапты адам анықтайды.</p> <p>10. Жануардың өлексесін кәдеге жарату оның өлгені анықталғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.</p> <p>11. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс жүргізу кезінде ол жануарлардың ең аз саны пайдаланылатындай етіп ұйымдастырылуға тиіс.</p> <p>12. Донор жануарлардан, биологиялық препараттардың сапасын бақылау мақсатында оларды өндіру кезінде, сондай-ақ иммундау схемаларын зерделеу кезінде пайдаланылатын жануарлардан басқа, жануарларды ауырсыну процедураларын жүргізу үшін бір реттен артық пайдалануға тыйым салынады.</p> <p>13. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс жүргізу кезінде жануарға ауырсынатын тітіркендіргіштерді қолдану қаупі жоғары болған жағдайда жануарды пайдалануға жауапты адамның болуы және ауырсынуды басу әсерінің сақталуына оның тарапынан бақылаудың болуы міндетті.</p> <p>14. Адамдар жануарларды оларда санитариялық қағидаларға және өзге де арнайы талаптарға сәйкес жабдықталған жануарларды асырауға және өсіруге арналған үй-жайлар, сондай-ақ жануарларға күтім жасауды қамтамасыз ететін қызметкерлер болған кезде ғана тәжірибелерде пайдалана алады.</p> <p>15. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеуге тиісті ветеринариялық білімі бар адамдар ғана жіберіледі.</p> <p>16. Кәмелетке толмаған адамдардың қатысуымен немесе олардың көз алдында эксперименттік</p> | <p>шығару мүмкіндігінен айыруға, жарақаттау әдістері мен тәсілдерін қолдануға жол берілмейді.</p> <p>5. Эксперименттік (зертханалық) жануарлармен жұмыс істеу кезінде:</p> <p>1) оқу мақсатында жануарларға қатыгездікпен қарауды көздейтін демонстрацияларды өткізуге;</p> <p>2) егер жануарларға қатыгездікпен қарау көзделсе, оқу мақсатында рефлекторлық қызметтің белгілі құбылыстарының демонстрацияларын өткізуге;</p> <p>3) биологиялық препараттардың сапасын бақылау мақсатында оларды өндіру кезінде, сондай-ақ иммундау схемаларын зерделеу кезінде пайдаланылатын жануарларды қоспағанда, жануарларды ауырсыну процедураларын жүргізу үшін бір реттен артық пайдалануға;</p> <p>4) он төрт жасқа толмаған адамдардың</p> |  |  |
|--|--|--|---|--|--|



|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  | <p>жануарларға әсер етудің хирургиялық және өзге де ауырсыну әдістерімен байланысты тәжірибелер жүргізуге тыйым салынады.</p> <p>17. Жануарларға ауырсынатын тәжірибе жүргізумен байланысты мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын оқу орындары оқушылардың тәжірибелерде жануарларды пайдаланудың қолданыстағы этикалық-құқықтық нормалары бойынша білім алуын қамтамасыз етуге тиіс.</p> <p>18. Жануарлардың өліміне немесе жарақаттануына әкеп соғатын рәсімдер моральдық немесе діни қағидаттарына қайшы келетін оқушыларды оларды орындатуға мәжбүрлеуге тыйым салынады.</p> <p>19. Ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу үшін, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу кезінде пайдаланылатын эксперименттік (зертханалық) жануарларды асырау және өсіру зоологиялық, техникалық, гигиеналық және ветеринариялық-санитариялық нормалар мен қағидаларды, эксперименттік (зертханалық) жануарларды асырау жөніндегі техникалық регламенттер мен мемлекетаралық стандарттардың талаптарын сақтай отырып және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып жүзеге асырылады.</p> | <p>қатысуымен немесе болуымен эксперименттік (зертханалық) жануарларға әсер етудің хирургиялық және өзге де ауырсыну әдістерімен байланысты эксперименттер жүргізуге тыйым салынады.</p> <p>6. Ғылыми зерттеулер, биологиялық тестілеу, оқу процесін жүргізу үшін, медициналық мақсаттарда, сондай-ақ биомедициналық препараттар алу кезінде пайдаланылатын эксперименттік (зертханалық) жануарларды ұстау және өсіру ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтер және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері сақтала отырып жүзеге асырылады.</p> <p>7. Адамдар жануарларды тәжірибелерде санитариялық қағидаларға және өзге де арнайы талаптарға сәйкес жабдықталған жануарларды</p> |  |  |
|--|--|--|--|--|--|

|      |                     |  |  |   |                   |
|------|---------------------|--|--|---|-------------------|
|      |                     |  | <p>ұстауға және өсіруге арналған үй-жайлар, сондай-ақ жануарларды күтіп-бағуды қамтамасыз ететін қызметкерлер болған кезде ғана пайдалана алады.</p> <p>8. Эксперименттік (зертханалық) жануарды жансыздандыруды жануар иесі және (немесе) жауапты адам осындай құқық берген адам жүргізеді.</p> <p>9. Эксперименттік (зертханалық) жануардың өлексесін кәдеге жарату оның өлгені расталғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.».</p> |   |                   |
| 117. | 20-баптың 1-тармағы | <p>20-бап. Қызметтік жануарларға қарау кезіндегі талаптар</p> <p><b>1. Қызметтік жануарларды даярлау (үйрету) осы Заңның 10-бабында көзделген жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптар сақтала отырып жүргізілуге тиіс.</b></p> | <p>Алып тасталсын.</p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>  | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң жобасының 10-бабының 1-тармағын қайталауды болдырмау мақсатында.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 118. | 21-баптың 1-тармағы | <p>21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар</p> <p><b>1. Үй жануарларын асырау кезінде олардың иелері осы Заңның 10-бабында көзделген</b></p>   | <p>Алып тасталсын.</p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>  | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң жобасының 10-бабының 1-тармағын</p>                                  | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                       |  |   |  |                   |
|------|---------------------------------------|--|---|--|-------------------|
|      |                                       | <b>жануарларды асырауға қойылатын жалпы талаптарды сақтауы қажет.</b>  |   | қайталауды болдырмау мақсатында.   |                   |
| 119. | 21-баптың 2-тармағының бірінші абзацы | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>« <b>2. Жануар иесі немесе жауапты адам:</b> ».   | <b>Депутаттар<br/>Е.В. Смайлов,<br/>Ғ.З. Құлахметов</b><br><br>Осы заң жобасында үй жануарлары үшін тек иесінің ғана емес, сонымен бірге жауапты адамның да жауапкершілігі белгіленеді, бұл заңның мақсатына тікелей жауап береді. | <b>Қабылданды</b> |
| 120. | 21-баптың 2-тармағының бірінші абзацы | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>1) <b>ветеринариялық-санитариялық нормалар мен қағидалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтауға;</b> | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) <b>ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың, ветеринариялық және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтауға;</b> ». | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Ветеринария туралы» Заңның 25-бабының 1) тармақшасына сәйкес келтіру.   | <b>Қабылданды</b> |
| 121. | 21-баптың 2-тармақтың 2) тармақшасы   | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>2) осы Заңға және Қазақстан Республикасының жануарларға қарауға байланысты қатынастар                    | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2) <b>үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес үй жануарларын есепке алуды жүргізуге;</b> ».  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасының 11-бабына сәйкес үй жануарларын есепке алуды   | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                      |  |  |   |                   |
|------|--------------------------------------|--|--|---|-------------------|
|      |                                      | саласындағы заңнамасына <b>сәйкес үй жануарларын</b> есепке алуды <b>жүзеге асыруға;</b>   |  | мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүргізеді.   |                   |
| 122. | 21-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>3) басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбай, <b>жануарларға</b> жауапты қарауды жүзеге асыруға;   | «жануарларға» деген сөз « <b>үй жануарларына</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.   | Депутат<br><b>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Заң жобасының 21-бабы үй жануарларына қарауға байланысты қатынастарды реттейді.                              | <b>Қабылданды</b> |
| 123. | 21-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>4) <b>азаматтардың</b> не жануарлардың өмірі мен саулығына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне жануарлардың зиян келтіруін болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4) <b>адамның және (немесе) жануардың</b> өмірі мен саулығына, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне <b>үй жануарының</b> зиян келтіруін болғызбау үшін қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға;». | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-банының 3-тармағын сәйкес келтіру.              | <b>Қабылданды</b> |
| 124. | 21-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>5) Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңнамасына сәйкес <b>жануарға білікті</b> ветеринариялық көмекті уақтылы көрсетуді және   | «жануарға білікті» деген сөздер « <b>үй жануарына</b> » деген сөздермен ауыстырылсын;<br><br>« <b>іс-шараларды</b> » деген сөзден кейін «, <b>оның ішінде вакциналауды</b> » деген   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,</b><br>Депутат<br><b>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Заң жобасының 21-бабы үй жануарларына қарауға | <b>Қабылданды</b> |

|      |  |  |   |   |                   |
|------|--|--|---|---|-------------------|
|      |  | профилактикалық ветеринариялық <b>іс-шараларды</b> уақтылы жүргізуді қамтамасыз етуге;   | сөздермен толықтырылсын.  | байланысты қатынастарды реттейді.<br>Үй жануарлар иелерінің үй жануарларын міндетті вакциналауын енгізу қажет.  |                   |
| 125. | 21-баптың 2-тармағының б) тармақшасы           | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>б) <b>жануарлардың</b> жұқпалы ауруларының күдігі туралы, сондай-ақ жануардың жұқпалы аурудың салдарынан өлгені (қырылғаны) туралы тұрақты тұратын жері бойынша ветеринариялық қызметке дереу хабарлауға;  | « <b>жануарлардың</b> » деген сөз « <b>үй жануарларының</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.   | <b>Депутат</b><br><b>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Заң жобасының 21-бабы үй жануарларына қарауға байланысты қатынастарды реттейді.   | <b>Қабылданды</b> |
| 126. | 21-баптың 2-тармағының б) және 8) тармақшалары | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>б) жануарлардың жұқпалы ауруларының күдігі туралы, сондай-ақ жануардың жұқпалы аурудың салдарынан өлгені (қырылғаны) туралы тұрақты тұратын жері бойынша <b>ветеринариялық қызметке</b> дереу хабарлауға;<br>...<br>8) денсаулық сақтау ұйымына және тиісті <b>ветеринариялық қызметке</b> оның жануарының <b>азаматтарға</b> дене жарақатын салған жағдайлары туралы дереу хабарлауға және жұқпалы аурудың болу мүмкіндігін анықтау мақсатында қарау және қажетті клиникалық және (немесе) зертханалық- | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«б) <b>жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау</b> | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының б) тармақшасына сәйкес келтіру.<br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру. | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  | <p>диагностикалық зерттеулер не ветеринариялық байқаулар жүргізу үшін өз жануарын ветеринариялық қызметке жеткізуге;</p> | <p><b>және қадағалау органдарына</b> үй жануарларының аса қауіпті және жұқпалы ауруларына ұшырау күдігі туралы, сондай-ақ жануардың жұқпалы аурудың салдарынан өлгені туралы дереу хабарлауға;»;<br/>       «8) денсаулық сақтау ұйымына <b>және жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына</b> жануардың жеке тұлғаларға немесе жануарларға дене жарақаттарын салған жағдайлары туралы дереу хабарлауға және <b>аса қауіпті және жұқпалы аурулардың</b> болу</p> |  |  |
|--|--|--|--|--|--|

|      |                                      |  |  |  |                   |
|------|--------------------------------------|--|--|--|-------------------|
|      |                                      |  | <p>мүмкіндігін анықтау мақсатында қарап-тексеру және қажетті клиникалық және (немесе) зертханалық-диагностикалық зерттеулер не ветеринариялық байқаулар жүргізу үшін өзінің жануарын жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға, ветеринария саласында емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеткізуге;».</p> |  |                   |
| 127. | 21-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы | <p>21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br/>...<br/>2. Үй жануарларының иесі:<br/>...<br/>7) биостерилизациялау арқылы <b>жануарларда</b> керексіз ұрпақтың алдын алу бойынша шаралар қабылдауға;</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:<br/>«7) стерилдеу арқылы <b>үй жануарларының</b> қалаусыз ұрпағын болғызбау бойынша шаралар қабылдауға;».</p>  | <p><b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b></p> <p>Заң жобасының 21-бабы үй жануарларына қарауға байланысты қатынастарды реттейді.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 128. | 21-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы | <p>21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br/>...<br/>2. Үй жануарларының иесі:<br/>...</p>   | <p>«<b>жануарлардың тұрғын</b>» деген сөздер «<b>үй жануарларының тұрғын</b>» деген сөздермен ауыстырылсын;<br/>«<b>сондай-ақ</b></p>  | <p><b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b></p> <p>Заң жобасының 21-бабы үй жануарларына қарауға байланысты қатынастарды</p>           | <b>Қабылданды</b> |

|      |  |   |  |   |                   |
|------|--|---|--|---|-------------------|
|      |  | 9) <b>жануарлардың тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оның ішінде кондоминиум объектілерін</b> ластауына, <b>сондай-ақ жануарлардың қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол бермеуге міндетті.</b>  | <b>жануарлардың»</b> деген сөздер <b>«сондай-ақ үй жануарларының»</b> деген сөздермен ауыстырылсын.  | реттейді.   |                   |
| 129. | 21-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы       | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>9) <b>жануарлардың тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оның ішінде кондоминиум объектілерін</b> ластауына, <b>сондай-ақ жануарлардың қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол бермеуге міндетті.</b>  | <b>«объектілерін»</b> деген сөзден кейін <b>« қоғамдық орындарды»</b> деген сөздермен толықтырылсын.   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру.                 | <b>Қабылданды</b> |
| 130. | 21-баптың 2-тармағының жаңа 10) тармақшасы | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>2. Үй жануарларының иесі:<br>...<br>10) жоқ   | Мынадай мазмұндағы жаңа 10) тармақшамен толықтырылсын:<br><b>«10) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген талаптарды сақтауға міндетті.».</b>                | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Осы заң жобасында және заңнамада үй жануарлары иелерінің басқа да міндеттері көзделген. | <b>Қабылданды</b> |
| 131. | 21-баптың 3-тармағы                        | 21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар<br>...<br>3. Жануарлардың құлақтары мен құйрықтарын кесуге, егер бұл тұқым стандарты бойынша міндетті болса ғана <b>рұқсат етіледі.</b> Рудиментарлы саусақтарды алып тастауға <b>рұқсат етіледі (егер олар тұқым стандарты бойынша міндетті болып табылмаса, жануарға ыңғайсыздық немесе</b> | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3. Үй жануарларының құлақтары мен құйрықтарын тұқылдау, егер сол тұқым стандарты бойынша міндетті болып табылса ғана, жүргізіледі. Рудиментарлы саусақтарды | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Редакцияны нақтылау.  | <b>Қабылданды</b> |



|      |                     |  |   |   |                   |
|------|---------------------|--|---|---|-------------------|
|      |                     | <p><b>ауырсыну тудырса).</b> Жануарларға жасалатын көрсетілген рәсімдерді <b>ветеринар маман</b> ауырсынуды басып жүргізуге тиіс. Дененің басқа бөліктерін ампутациялауды <b>ветеринар маман</b> жануарға қажетті көмек көрсету мақсатында ғана жүргізеді.</p>   | <p>алып тастауға, <b>егер олар сол тұқым стандарты бойынша міндетті болып табылмаса, үй жануарына ыңғайсыздық немесе ауырсыну тудырса, рұқсат етіледі.</b> Үй жануарларына аталған процедуралар <b>ауырсынуды басумен немесе анестезиямен</b> жүргізілуге тиіс. Жануар денесінің бөліктерін кесу үй жануарына қажетті көмек көрсету мақсатында жүргізіледі.».</p> |   |                   |
| 132. | 21-баптың 3-тармағы | <p>21-бап. Үй жануарларына қарау және оларды асырау кезіндегі талаптар</p> <p>...</p> <p>3. <b>Жануарлардың</b> құлақтары мен құйрықтарын кесуге, егер бұл тұқым стандарты бойынша міндетті болса ғана <b>рұқсат етіледі.</b> Рудиментарлы саусақтарды алып тастауға рұқсат етіледі (егер олар тұқым стандарты бойынша міндетті болып табылмаса, <b>жануарға ыңғайсыздық немесе ауырсыну тудырса).</b> <b>Жануарларға</b> жасалатын көрсетілген рәсімдерді ветеринар маман ауырсынуды басып жүргізуге тиіс. Дененің басқа бөліктерін ампутациялауды ветеринар маман <b>жануарға</b> қажетті көмек көрсету мақсатында ғана жүргізеді.</p> | <p>«<b>Жануарлардың</b>»,<br/>«<b>жануарға</b>»,<br/>«<b>Жануарларға</b>» деген сөздер тиісінше «<b>Үй жануарларының</b>», «<b>үй жануарына</b>», «<b>Үй жануарларына</b>» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>  | <p><b>Депутат</b><br/><b>Д.Н. Назарбаева</b></p> <p>Заң жобасының 21-бабы үй жануарларына қарауға байланысты қатынастарды реттейді.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|      |                               |  |  |   |                   |
|------|-------------------------------|--|--|---|-------------------|
| 133. | 22-баптың 1 және 2-тармақтары | <p>22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар</p> <p>1. Үй жануарларын серуендету <b>адамдар мен басқа</b> жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамдардың мүлкіне зиян келтіруден қорғау шартымен жүзеге асырылуға тиіс.</p> <p>2. Жауапты адам <b>қоғамдық қауіпсіздікті</b> қамтамасыз ету және абаттандыру қағидаларын сақтау мақсатында <b>жергілікті өкілді органдар бекітетін үй жануарын серуендету қағидаларын</b> сақтауға міндетті.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Үй жануарларын серуендету <b>жеке тұлғалардың және</b> жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ <b>жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне</b> зиян келтіруден қорғау шартымен жүзеге асырылуға тиіс.</p> <p><b>2. Жануар иесі және (немесе) жауапты адам</b> қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында <b>үй жануарларын</b> серуендету қағидаларын сақтауға міндетті.».</p> | <p><b>Депутат Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Үй жануарларын серуендету қағидаларын бекіту бойынша жергілікті өкілді органдардың құзыретін жаңа 9-бапта белгілеуді ұсынамыз.</p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның талаптарына сәйкес нормаларды қайталауға жол берілмейді.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 134. | 22-баптың 4-тармағы           | <p>22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар</p> <p>...</p> <p>4. Үй жануарларын олардың мінез-құлқын бақылауға қабілеті жоқ, оның ішінде <b>мас күйдегі</b> адамдардың серуендетуіне тыйым салынады.</p>   | <p>22-баптың 4-тармағындағы «<b>мас күйдегі</b>» деген сөздер «<b>алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйдегі</b>» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>  | <p><b>Депутат Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Норманы біржақты түсіндіру және жауапкершіліктен жалтаруға жол бермеу мақсатында.</p>   | <b>Қабылданды</b> |
| 135. | 22-баптың 3 және 5-тармақтары | <p>22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар</p> <p>...</p> <p>3. Үй жануарларының өздігінен серуендеуіне тыйым салынады.</p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«<b>3. Иттердің өз бетінше серуендеуіне тыйым салынады.</b>»;</p>   | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Мысықтарды өз бетінше</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|      |                          |   |   |  |                   |
|------|--------------------------|---|---|--|-------------------|
|      |                          | <p>...</p> <p>5. Егер ерекше жауаптылықты талап ететін <b>тұқымды</b> үй жануары меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде <b>үй жануарының иесіне</b> тиесілі қоршалған аумақта болған жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, ерекше жауапкершілікті талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және тізгінсіз серуендетуге тыйым салынады. <b>Үй жануарының</b> бар-жоғы туралы осы аумаққа кіре берісте ескерту жазбасы жасалуға тиіс.</p> | <p><b>«5. Егер жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде үй жануарының иесіне және (немесе) жауапты адамға тиесілі қоршалған аумақта болған жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және қарғыбаусыз серуендетуге тыйым салынады. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарының бар екендігі туралы осы аумаққа кіреберісте ескерту жазбасы жасалуға тиіс.».</b></p> | <p>серуендеуі халықтың және басқа жануарлардың өмірі мен саулығына қауіп төндірмейді.</p> <p>Заң жобасын 2-баптың 27) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасын 2-баптың 9) тармақшасына сәйкес келтіру.</p> <p>Заң жобасының 22-бабы 5-тармағының бірінші сөйлеміне сәйкес келтіру.</p> |                   |
| 136. | 22-баптың жаңа 6-тармағы | <p>22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар</p> <p>...</p> <p>Жоқ</p>   | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 6-тармақпен толықтырылсын:</p> <p><b>«6. Он алты жасқа толмаған адамдарға жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап</b></p>  | <p><b>Депутат С.Ж. Нақпаев</b></p> <p>Ерекше жауапкершілікті қажет ететін үй жануарларын серуендеуге 16 жасқа толмаған адамға</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                      |   |   |  |                   |
|------|--------------------------------------|---|---|--|-------------------|
|      |                                      |   | ететін үй жануарларын серуендетуге тыйым салынады. ».               | рұқсат етілмейді. Өйткені, мұндай жануарлар айналадағы адамдарға қауіп төндіруі мүмкін. Оларды қоғамдық жерде ересек адам бақылауы керек.  |                   |
| 137. | 22-баптың 6-тармағы                  | 22-бап. Үй жануарларын серуендетуге қойылатын талаптар<br>...<br><b>6. Ерекше жауапкершілікті талап ететін үй жануарларының тізбесін уәкілетті орган бекітеді.</b>  | Алып тасталсын.   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды. Заң жобасының 8-бабының 9) тармақшасын қайталауды болдырмау мақсатында. | <b>Қабылданды</b> |
| 138. | 23-баптың 1-тармағының б) тармақшасы | 23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет<br><br>1. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет:<br>...<br>б) қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлардың санын реттеу <b>мақсатында</b> жүзеге асырылады. | «мақсатында» деген сөз «мақсаттарында» деген сөзбен ауыстырылсын. . | <b>Депутат Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Себебі бірнеше мақсат көзделген.   | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                      |  |  |  |                   |
|------|--------------------------------------|--|--|--|-------------------|
| 139. | 23-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет</p> <p>1. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет:</p> <p>1) жануарлардың аса қауіпті және жұқпалы, оның ішінде жануарлар қоздырғыштары болуы мүмкін адам мен жануарларға ортақ аурулардың таралуына байланысты <b>эпидемиялар, эпизоотиялар және (немесе) өзге де төтенше</b> жағдайлар туындауының алдын алу;</p> | «эпидемиялар, эпизоотиялар және (немесе) өзге де төтенше» деген сөздер алып тасталсын. | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 45) тармақшасына сәйкес эпизоотия - бұл тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың аса қауіпті және басқа да инфекциялық ауруларының жаппай таралуы.</p>  | <b>Қабылданды</b> |
| 140. | 23-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет</p> <p>1. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет:</p> <p>...</p> <p>2) <b>азаматтардың</b> денсаулығына және (немесе) мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіруді болғызбау;</p>   | «азаматтардың» деген сөз «жеке тұлғалардың» деген сөздермен ауыстырылсын.              | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру.</p> <p>2) тармақшаға сәйкес қараусыз қалған жануарларды ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі іс-шаралар жануарларды уақытша ұстау пунктінде қараусыз қалған жануарларды ұстауды қамтиды. Осыған байланысты 2) тармақшаны</p> | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  | <p>Азаматтық кодекстің 246-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру қажет, онда қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға міндетті, ал егер ол немесе оның тұратын жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы Ішкі істер органдарына немесе республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына хабарлауға міндетті. Бұл ретте жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде оларды жануарларды ұстап алған адам өзінің асырауында және пайдалануында қалдыруы, не ол ұстау мен пайдалану үшін қажетті жағдайлары бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған</p> |  |
|--|--|--|--|--|--|

|      |                                      |   |   |   |                   |
|------|--------------------------------------|---|---|---|-------------------|
|      |                                      |   |   | <p>адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайлары бар адамды іздестіруді және оларға жануарларды беруді республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.</p> <p>Бұдан басқа, заң жобасының 23-бабын «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 31-бабына сәйкес келтіру талап етіледі, онда қараусыз қалған жануарларға мемлекеттік меншік құқығын алу мәселелері регламенттеледі.</p> |                   |
| 141. | 23-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет</p> <p>1. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет:</p> <p>...</p> <p>5) жоғалған жануарларды иелеріне қайтару;</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«5) адасып қалған жануарларды иелеріне немесе жауапты адамдарға қайтару;».</p> | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>Е.В. Смайлов,</b><br/><b>Ғ.З. Құлахметов</b></p> <p>Осы заң жобасында үй жануарлары үшін тек иесінің ғана емес, сондай-ақ жауапты адамның да жауапкершілігі белгіленеді, бұл заң жобасының мақсатына тікелей жауап береді.</p>  | <b>Қабылданды</b> |

|      |   |  |   |  |                   |
|------|---|--|---|--|-------------------|
| 142. | 23-баптың 1-тармағының б) тармақшасы      | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет</p> <p>1. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет:</p> <p>...</p> <p>б) <b>қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлардың санын реттеу мақсатында жүзеге асырылады.</b></p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«б) қаңғыбас жануарлардың санын бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен стерилдеу арқылы реттеу мақсатында жүзеге асырылады.».</b></p>         | <p><b>Депутат</b><br/><b>Д.Н. Назарбаева</b></p> <p>Заң жобасының 25-бабына сәйкес қаңғыбас жануарларға қатысты санын реттеу биостерилдеу жолымен жүзеге асырылады. Сондай-ақ, биостерилдеу көздерін қарастыру қажет. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-3-бабының 2-тармағына сәйкес заңнамалық реттеу қағидаттары оларды іске асырудың нақты тетіктерін ашып көрсете отырып белгіленуге тиіс.</p> | <b>Қабылданды</b> |
| 143. | 23-баптың 1-тармағының жаңа 7) тармақшасы | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет</p> <p>1. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет:</p> <p>...</p> <p><b>7) жоқ</b></p>  | <p>Мынадай мазмұндағы жаңа 7) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p><b>«7) қаңғыбас жануарларды бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен вакциналау мақсаттарында жүзеге асырылады.».</b></p> | <p><b>Депутат</b><br/><b>Д.Н. Назарбаева</b></p> <p>Қаңғыбас жануарларды вакциналауды енгізу мақсатында.</p>   | <b>Қабылданды</b> |



|      |   |  |  |   |            |
|------|---|--|--|---|------------|
| 144. | 23-баптың 2-тармағы-ның 2) және 3) тармақшалары | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет ...</p> <p>2. <b>Қараусыз қалған жануарларды</b> қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі іс-шаралар:</p> <p>1) аулау қызметтерінің қараусыз қалған жануарларды аулауды;</p> <p>2) қараусыз қалған жануарларды осы Заңның 10-бабының талаптарына сәйкес жануарларды уақытша асырау пунктінде не жануарларға арналған панажайда не ұстай тұру орындарында асырауды;</p> <p>3) жоғалған жануарларды иелеріне қайтаруды, сондай-ақ уақытша асырау пунктіне, панажайға, ұстай тұруға келіп түскен қараусыз қалған жануарларға жаңа иелер іздеуді қамтиды.</p> | <p>2. <b>Қараусыз қалған және қаңғыбас</b> жануарларға қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезіндегі іс-шаралар:</p> <p>1) аулау қызметтерінің қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды аулауын;</p> <p>2) <b>қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды</b> уақытша ұстау пункттерінде не жануарларға арналған панажайларда не зоологиялық жатынжайларда осы Заңда көзделген, жануарларды ұстауға қойылатын жалпы талаптарға сәйкес ұстауды;</p> <p>3) <b>қараусыз қалған жануарлардың иелерін</b> іздестіруді, сондай-ақ қаңғыбас жануарларға иелер іріктеуді қамтиды.</p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Редакцияны нақтылау.</p>                     | Қабылданды |
| 145. | 23-баптың 3-тармағы                             | <p>23-бап. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларға қарау жөніндегі қызмет ...</p> <p>3. Қараусыз қалған және қаңғыбас жануарлармен жұмыс істеу тәртібін уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.</p>   | Алып тасталсын.  | <p><b>Депутат Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Заң жобасының 8-бабының 5) тармақшасын қайталауды болдырмау мақсатында.</p> | Қабылданды |

|      |                     |  |  |  |                   |
|------|---------------------|--|--|--|-------------------|
| 146. | 24-баптың тақырыбы  | 24-бап. Жануарларды аулау және өлтіру  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«24-бап. Жануарларды аулау, <b>уақытша ұстау</b> және жансыздандыру.».                               | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Аулау қызметтері жануарларды аулау мен ұстаумен, сондай-ақ белгілі бір жағдайларда және жансыздандырумен айналысады.   | <b>Қабылданды</b> |
| 147. | 24-баптың 1-тармағы | 24-бап. Жануарларды аулау және өлтіру<br><br>1. Жануарларды аулау мен өлтіруді аулау қызметі жүзеге асырады. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Жануарларды аулауды, <b>уақытша ұстауды</b> және жансыздандыруды аулау қызметі жүзеге асырады.». | <b>Депутат Е.В. Смайлов</b><br><br>Аулау қызметтерінің әрекет ету алгоритмі аулауды, содан кейін жануарды ескі немесе жаңа иелеріне немесе панажайға бергенге дейін ұстауды, содан кейін ғана қажет емес жануарларды жансыздандыруды қамтиды. Бұдан басқа, «ұстау» деген сөзді енгізбей, бюджетті жоспарлау кезінде ЖАО-ға жем-шөпке, ветеринарлық күтімге және т.б. сұратылатын сомалардың негізділігі туралы сұрақтар туындайтын болады. | <b>Қабылданды</b> |

|      |                        |   |   |  |                         |
|------|------------------------|---|---|--|-------------------------|
| 148. | 24-баптың<br>2-тармағы | 24-бап. Жануарларды аулау және өлтіру<br>...<br>2. Жеке ұйымдар жануарларды аулау мен өлтіруді <b>жергілікті бюджет қаражаты</b> есебінен жүзеге асыра алады. | 24-баптың 2-тармағындағы « <b>жергілікті бюджет қаражаты</b> » деген сөздер « <b>бюджет қаражаты</b> » деген сөздермен ауыстырылсын.<br><br><i>Ұқсас түзетулер заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша енгізілсін.</i> | <b>Депутат<br/>Б.Н. Торғаев</b><br><br>Бюджет кодексіне сәйкес шығыстар қаржыландырылатын бюджет деңгейін көрсетілген кодекстен басқа актілерде белгілеуге жол берілмейді.   | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 149. | 24-баптың<br>2-тармағы | 24-бап. Жануарларды аулау және өлтіру<br>...<br>2. Жеке ұйымдар жануарларды <b>аулау</b> мен өлтіруді жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыра алады. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Жануарларды аулауды, <b>уақытша ұстауды</b> және жансыздандыруды <b>дара кәсіпкерлер және мемлекеттік емес заңды тұлғалар</b> бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыра алады.».  | <b>Депутат<br/>Е.В. Смайлов</b><br><br>Аулау қызметтерінің әрекет ету алгоритмі аулауды, содан кейін жануарды ескі немесе жаңа иелеріне немесе панажайға бергенге дейін ұстауды, содан кейін ғана қажет емес жануарларды жансыздандыруды қамтиды. Бұдан басқа, «ұстау» деген сөзді енгізбей, бюджетті жоспарлау кезінде ЖАО-ға жем-шөпке, ветеринарлық күтімге және т.б. сұратылатын сомалардың негізділігі туралы сұрақтар туындайтын болады. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|      |                               |   |   |  |                    |
|------|-------------------------------|---|---|--|--------------------|
| 150. | 24-баптың 3-тармағы           | <p>24-бап. Жануарларды аулау және өлтіру</p> <p>...</p> <p>3. Жануарларды <b>аулау</b> мен өлтіру осы Заңға және Қазақстан Республикасының ветеринария туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.</p>  | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p><b>«3. Жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру</b> осы Заңға және Қазақстан Республикасының <b>өзге де заңнамасына</b> сәйкес жүзеге асырылады.».</p>  | <p><b>Депутат</b><br/><b>Е.В. Смайлов</b></p> <p>Аулау қызметтерінің әрекет ету алгоритмі аулауды, содан кейін жануарды ескі немесе жаңа иелеріне немесе панажайға бергенге дейін ұстауды, содан кейін ғана қажет емес жануарларды жансыздандыруды қамтиды. Бұдан басқа, «ұстау» деген сөзді енгізбей, бюджетті жоспарлау кезінде ЖАО-ға жем-шөпке, ветеринарлық күтімге және т.б. сұратылатын сомалардың негізділігі туралы сұрақтар туындайтын болады.</p> | <b>Қабыл-данды</b> |
| 151. | 25-баптың 1 және 2-тармақтары | <p>25-бап. Қаңғыбас жануарлардың санын реттеу</p> <p>1. Қаңғыбас жануарлардың санын реттеу – жануарларды биостерилизациялау, жайластыру, білім беру іс-шараларын және халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы қаңғыбас жануарлардың (иттер мен мысықтардың) санын азайту үшін мемлекет және <b>зоологиялық қорғау ұйымдары</b> қабылдайтын шаралар кешені.</p> <p>2. Осы Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын эвтаназияны қолдануды қоспағанда, қаңғыбас жануарлардың санын уларды, өзге де</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«1. Қаңғыбас жануарлардың санын реттеу мемлекет және <b>жарғысында жануарларды қараусыз қалған және қаңғыбас жануарларды аулау, уақытша ұстау және жансыздандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру</b></p> | <p><b>Депутаттар</b><br/><b>С.В. Имашева,</b><br/><b>В.А. Ким,</b><br/><b>Е.Н. Абақанов</b></p> <p>«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру. Себебі «қоғамдық ұйымдар» нысаны - бұл тек жеке тұлғалардың бірлестігі, ал</p>   | <b>Қабыл-данды</b> |

|      |                     |  |  |  |                   |
|------|---------------------|--|--|--|-------------------|
|      |                     | химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілдермен өлтіру арқылы реттеуге тыйым салынады.   | көзделген коммерциялық емес ұйымдар жануарларды стерилдеу, жайластыру, халыққа білім беру іс-шараларын және түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы қаңғыбас жануарлардың санын азайту үшін қабылдайтын шаралар кешенін білдіреді.<br>2. Қаңғыбас жануарлардың санын уларды, өзге де химиялық препараттарды пайдалануды қоса алғанда, кез келген тәсілдермен жансыздандыру арқылы реттеуге тыйым салынады.». | заңда коммерциялық емес ұйымдардың басқа да түрлері (ЗТБ, ҚК, ЖМ және т.б.) көрсетілген.<br>Эвтаназия қаңғыбас жануарлардың санын реттеу тәсілі болып табылмайты.  |                   |
| 152. | 26-баптың 1-тармағы | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар<br><br>1. Жануарларға арналған панажайлар жануарларды, оның ішінде иелері меншік құқығынан бас тартқан қараусыз қалған, қаңғыбас жануарларды асырау жөніндегі қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылады. | Алып тасталсын.<br><br><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін.</i>  | Депутат<br><b>Д.Н. Тұрғанов</b><br><br>2-баптың 12) тармақшасының арасында қайшылық бар.<br>Заңның 2 – бабының 12) тармақшасына сәйкес жануарларға арналған панажай - тіршілігі мен саулығына қатер төндіретін жағдайға ұшыраған үй жануарларын, сондай-ақ | <b>Қабылданды</b> |

|      |                               |  |  |  |                 |
|------|-------------------------------|--|--|--|-----------------|
|      |                               |  |  | қараусыз қалған, алып қойылған, оның ішінде тәркіленген жануарларды асырауға арналған және жабдықталған мүліктік кешен. Ұсынылған норма панажай иелері меншік құқығынан бас тартқан жануарларды ғана ұстайды деп болжайды. |                 |
| 153. | 26-баптың 2 және 4-тармақтары | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар<br>...<br>2. Жануарларға арналған панажайлар өз қызметінде уәкілетті орган белгілеген жануарларға арналған панажайлар туралы ережені басшылыққа алады.<br>...<br>4. Жануарларға арналған панажайларда үй жануарларын уақытша асырау (орналастыру) жөніндегі қызмет олардың иелерімен келісім бойынша, сондай-ақ ветеринариялық және өзге де қызметтер көрсету жөніндегі қызмет жүзеге асырылуы мүмкін. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Жануарларға арналған панажайлар өз қызметін жануарларға арналған панажайлар қызметінің қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.»<br>«4. Жануарларға арналған панажайлар жануар иесімен немесе жауапты адаммен келісу бойынша үй жануарларын уақытша ұстау (орналастыру), сондай-ақ ветеринариялық және өзге де қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыра алады.»; | Депутат<br>Д.Н. Тұрғанов<br><br>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 1 – бабының 2) тармақшасына сәйкес ереже - қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.          | Қабыл-<br>данды |
| 154. | 26-баптың 5-тармағы           | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар<br>...   | Мынадай редакцияда жазылсын:   | Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті  | Қабыл-<br>данды |

|      |                                       |   |  |  |                   |
|------|---------------------------------------|---|--|--|-------------------|
|      |                                       | «5. Жануарларға арналған панажайлардың иесінен жануарды ұстауға байланысты шығыстардың өтемін, сондай-ақ, егер жануарға олар қажет болса, ветеринариялық көрсетілетін қызметтердің құнын алуға құқығы бар..». | «5. Жануарларға арналған панажайлардың <b>жануар иесінен немесе жауапты адамнан жануарды ұстауға</b> байланысты шығыстардың өтемін, сондай-ақ, егер жануарға олар қажет болса, ветеринариялық көрсетілетін қызметтердің құнын алуға құқығы бар..». | Редакцияны нақтылау.   |                   |
| 155. | 26-баптың 6-тармағының бірінші абзацы | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар ...<br>6. Жануарларға арналған панажай:   | Мынадай редакцияда жазылсын:<br><b>«6. Жануарларға арналған панажайдың лауазымды адамдары:</b>   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң техникасы, аталған міндеттер меншік иелеріне немесе басқа тұлғаларға қатысты болуы керек деп санаймыз. | <b>Қабылданды</b> |
| 156. | 26-баптың 6-тармағының 1) тармақшасы  | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар ...<br>6. Жануарларға арналған панажай:<br>1) иесінің <b>немесе</b> жауапты адамның талап етуі бойынша жануарды қайтаруға;  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның талап етуі бойынша жануарды қайтаруға;».  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң техникасы.   | <b>Қабылданды</b> |
| 157. | 26-баптың 6-тармағының 2) тармақшасы  | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар ...<br>6. Жануарларға арналған панажай:<br>...  | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2) <b>жеке тұлғалардың</b> жануарларға арналған панажайға санитариялық  | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>«Құқықтық актілер  | <b>Қабылданды</b> |

|      |   |  |   |  |                         |
|------|---|--|---|--|-------------------------|
|      |   | 2) <b>азаматтардың</b> жануарларға арналған панажайға жұмыс уақытында (санитариялық өңдеу күндерін қоспағанда) панажай белгілеген тәртіппен бару мүмкіндігін қамтамасыз етуге;                                       | өңдеу күндерін қоспағанда, жұмыс уақытында жануарларға арналған <b>панажай</b> белгілеген тәртіппен бару мүмкіндігін қамтамасыз етуге;».  | туралы» Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру.  |                         |
| 158. | 26-баптың 6-тармағының жаңа 4) тармақшасы | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар ...<br>6. Жануарларға арналған панажай: ...<br>жоқ   | Мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын:<br>«4) <b>жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қаңғыбас жануарларды стерилдеуді жүргізуге міндетті;</b> ». | <b>Депутаттар<br/>Н.Ж. Ожаев,<br/>Г.А. Нұрұмова,<br/>З.А. Камасова</b><br><br>Қараусыз, қаңғыбас жануарларды стерилдеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылуы тиіс.  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 159. | 26-баптың 6-тармағының 5) тармақшасы      | 26-бап. Жануарларға арналған панажайлар ...<br>6. Жануарларға арналған панажай: ...<br>5) қараусыз қалған жануарлардың меншік иелерін іздестіруді және жануарлар үшін жаңа меншік иелерін іріктеуді жүргізуге;       | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5) қараусыз қалған жануарлардың <b>иелерін</b> іздеуді және жануарларға <b>жаңа иелер</b> іздестіруді жүргізуге;».   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша бірыңғай терминологияны пайдалану мақсатында редакцияны нақтылау. | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 160. | 6-тараудың және 7-баптың тақырыбы         | 6-тарау. <b>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар</b> саласындағы заңнаманың сақталуын бақылау<br><br>27-бап. <b>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар</b> саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«6-тарау. <b>Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы</b>   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,<br/>Депутаттар<br/>Б.Н. Торғаев<br/>Г.А. Нұрұмова,<br/>З.А. Камасова</b>                                       | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |



|      |                          |  |  |   |                   |
|------|--------------------------|--|--|---|-------------------|
|      |                          |  | <b>заңнамасының сақталуын қоғамдық бақылау</b><br><b>27-бап. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасының сақталуын қоғамдық бақылау».</b>  | Заң жобасының тақырыбына және 3-баптың 1-тармағының мазмұнына сәйкес келтіру.   |                   |
| 161. | 27-баптың 1-тармағы      | 27-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау<br>1. Жануарларды қарау саласындағы қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтар және жарғысында жануарларға қарау саласында қоғамдық бақылау жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру көзделген <b>қоғамдық ұйымдар</b> жүзеге асырады. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Жануарларға <b>жауапкершілікпен</b> қарау саласындағы қоғамдық бақылауды <b>қоғамдық инспекторлар</b> және жарғысында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында қоғамдық бақылау жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру көзделген коммерциялық емес ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.». | <b>Депутаттар</b><br><b>С.В. Имашева,</b><br><b>В.А. Ким,</b><br><b>ЕН. Абақанов</b><br><br>«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру. Себебі «қоғамдық ұйымдар» нысаны - бұл тек жеке тұлғалардың бірлестігі, ал заңда коммерциялық емес ұйымдардың басқа түрлері (ЗТБ, ҚҚ, ЖМ және т.б.) көрсетілген. | <b>Қабылданды</b> |
| 162. | 27-баптың жаңа 2-тармағы | 27-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау<br>...<br>2. жоқ   | Мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын:<br>«2. <b>Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық</b>   | <b>Депутаттар</b><br><b>С.В. Имашева,</b><br><b>В.А. Ким,</b><br><b>ЕН. Абақанов</b><br><br>Қоғамдық бақылауды  | <b>Қабылданды</b> |

|      |                                     |  |  |   |                   |
|------|-------------------------------------|--|--|---|-------------------|
|      |                                     |  | <p><b>бақылау ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.».</b></p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p> | ерікті және өтеусіз жүргізу нормалары нақтыланады.  |                   |
| 163. | 27-баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтары | <p>27-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау</p> <p>...</p> <p>2. Жануарларды қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.</p> <p>3. Жануарларды қарау саласындағы қоғамдық инспекторлардың:</p> <p>1) жануарларға қарау саласындағы құқық бұзушылықтарды, оның ішінде техникалық құралдардың (фото, аудио, бейне) көмегімен тіркеуге және тиісті материалдарды мемлекеттік органдарға жіберуге;</p> <p>2) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының жануарларға қарау саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың алдын алуға және оларды анықтауға жәрдемдесуге;</p> <p>3) халықты жануарларға қарау саласында ағарту жөніндегі жұмысқа қатысуға құқығы бар.</p> <p>4. Жануарларға қарау саласындағы қоғамдық ұйымдардың:</p> <p>1) жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік органдарынан өздерінің жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпарат алуға;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жануарларға қарау саласындағы</p> | <p>Алып тасталсын.</p> <p><i>Тармақтардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін.</i></p>  | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң жобасының 8-бабының 10) тармақшасын қайталауды болдырмау мақсатында.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|      |             |   |  |  |                   |
|------|-------------|---|--|--|-------------------|
|      |             | <p>қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар.</p> <p>5. Жануарларды қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде жануарларға қарау саласындағы қоғамдық инспекторларға қараусыз қалған жануарларды уақытша асырау пунктiнiң, жануарларға арналған панажайлардың және жануарларға қарау жөнiндегi қызметтi жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың аумағы мен үй-жайларына кiру қамтамасыз етiлуге тиiс.</p> |  |  |                   |
| 164. | Жаңа 28-бап | Жоқ   | <p>6-тарау мынадай мазмұндағы жаңа 28-баппен толықтырылсын:</p> <p><b>«28-бап. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қоғамдық инспекторлар мен коммерциялық емес ұйымдардың құқықтары</b></p> <p>1. Қоғамдық инспекторлардың:</p> <p>1) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы бұзушылықтарды дыбыс, фото және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге және тиісті материалдарды мемлекеттік органдарға жіберуге;</p> <p>2) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының</p> | <p><b>Депутаттар</b><br/> <b>Е.Н. Абақанов,</b><br/> <b>С.В. Имашева,</b><br/> <b>В.А. Ким</b></p> <p>Қоғамдық бақылау субъектілерінің құқықтарын жеке бапқа шығару ұсынылады.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |   |  |
|--|--|--|---|--|
|  |  |  | <p>жануарларға<br/> <b>жауапкершілікпен қарау саласындағы</b><br/> заңнамасының талаптарын бұзушылықтардың алдын алуға және оларды анықтауға жәрдемдесуге;</p> <p>3) жануарларға<br/> <b>жауапкершілікпен қарау саласында</b> халықты ағарту жөніндегі жұмысқа қатысуға құқығы бар.</p> <p>2. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы коммерциялық емес ұйымдардың:</p> <p>1) мемлекеттік органдардан өздерінің жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруы үшін қажетті ақпаратты алуға;</p> <p>2) мемлекеттік органдарына жануарларға <b>жауапкершілікпен қарау саласындағы</b> қоғамдық бақылау нәтижелері бойынша ұсыныстар енгізуге;</p> <p>3) жануарлардың мұқтаждықтарына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы ақпаратты сұратуға және</p> |  |
|--|--|--|---|--|

|      |                                       |   |   |  |                   |
|------|---------------------------------------|---|---|--|-------------------|
|      |                                       |   | <p>алуға құқығы бар.</p> <p>3. Жануарларға <b>жауапкершілікпен</b> қарау саласындағы қоғамдық бақылауды жүзеге асыру кезінде жануарларға <b>жауапкершілікпен</b> қарау саласындағы қоғамдық инспекторларға және коммерциялық емес ұйымдарға жануарларды уақытша ұстау пункттерінің, жануарларға арналған панажайлардың және жануарларға <b>жауапкершілікпен</b> қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардың аумағы мен үй-жайларына кіру қамтамасыз етілуге тиіс.».</p> |  |                   |
| 165. | 27-баптың 4-тармағының бірінші абзацы | <p>27-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау</p> <p>...</p> <p>4. Жануарларға <b>қарау</b> саласындағы қоғамдық ұйымдардың:</p> | <p>«<b>қарау</b>» деген сөз «<b>жауапкершілікпен қарау</b>» деген сөздермен ауыстырылсын.</p>   | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>Заң жобасының 3-бабының 1-тармағына және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңның 3-бабына сәйкес келтіру.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|      |   |  |   |  |                         |
|------|---|--|---|--|-------------------------|
| 166. | 27-баптың 4-тармағының жаңа 3) тармақшасы | 27-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманың сақталуын қоғамдық бақылау<br>...<br>4. Жануарларға <b>қарау</b> саласындағы қоғамдық ұйымдардың:<br>...<br>3) <b>жоқ</b>   | Мынадай мазмұндағы жаңа 3) тармақшамен толықтырылсын:<br><b>«3) жануарлардың қажеттеріне бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуы туралы ақпарат сұратуға және алуға;».</b>   | <b>Депутат<br/>Д.Н. Назарбаева</b><br><br>Қоғамдық ұйымдардың жануарлардың мұқтаждықтары үшін бөлінген бюджет қаражатын бақылауды жүзеге асыру бойынша мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында (аулау, ұстау, зарарсыздандыру, чиптеу және т.б.). | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 167. | 28-бап                                    | 28-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық  | «7-тарау. Қорытынды ережелер» деген тарауға көшірілсін.   | <b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b><br><br>Заң техникасы.   | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |
| 168. | 28-бап                                    | 28-бап. <b>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық</b><br><br><b>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.</b> | <b>«Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы»</b> деген сөздер <b>«Қазақстан Республикасының жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнамасын»</b> деген сөздермен ауыстырылсын. | <b>Депутаттар<br/>Г.А. Нұримова,<br/>З.А. Камасова</b><br><br>Редакциялық түзету.  | <b>Қабыл-<br/>данды</b> |

|      |                                  |   |  |   |                   |
|------|----------------------------------|---|--|---|-------------------|
| 169. | 28-бап                           | <p>28-бап. Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық</p> <p>Жануарларды қарауға байланысты қатынастар саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:<br/> <b>«28-бап. Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық</b></p> <p><b>Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.».</b></p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті,<br/> Депутат<br/> Б.Н. Торғаев</b></p> <p>Заң жобасының 3-бабының 1-тармағына сәйкес келтіру, заң техникасы.</p>   | <b>Қабылданды</b> |
| 170. | 7-тараудың тақырыбы, жаңа 29-бап | <p>7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР</p> <p>29-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі</p> <p><b>Жоқ .</b></p>   | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:<br/> <b>«7-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер».</b><br/> <b>«29-бап. Өтпелі ережелер</b><br/> 1. Осы Заңның 7-бабының 2) тармақшасының қолданысы 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша</p>  | <p><b>Депутат<br/> Е.В. Смайлов</b></p> <p>Жылжымалы хайуанаттар бағын, контактілі зоопарктердің, жануарлардың жылжымалы көрмелерін, сондай-ақ дельфинарийлердің, жылжымалы океанариумдардың қызметіне тыйым салу</p> | <b>Қабылданды</b> |

|  |  |  |  |   |  |
|--|--|--|--|---|--|
|  |  |  | <p>мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:</p> <p>«2) жануарларды жануарларға арналған панажайларда, зоологиялық жатынжайларда, жануарларды уақытша ұстау пунктерінде, жануарларға арналған оңалту орталықтарында, зоологиялық питомниктерде, контактілі зоопарктерде, жылжымалы хайуанаттар бақтарында ұстау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;</p> <p>2. Осы Заңның 18-бабының 3-тармағының қолданысы 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:</p> <p>1) осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін:</p> <p>«3. Жануарларды жылжымалы хайуанаттар бақтарында, ауыл шаруашылығы</p> | <p>жөніндегі норманы енгізу тәртібін реттеу үшін.</p> |  |
|--|--|--|--|---|--|



|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  |  |  | <p>жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы жануарлар көрмелерінде, сондай-ақ дельфинарийлерде, жылжымалы және стационарлық океанариумдарда және контактілі зоопарктерде пайдалануға, егер оларды ұстау, тасымалдау жануарлардың тіршілігі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оларды неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, жол берілмейді.»;</p> <p>2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін:</p> <p>«3. Жануарларды дельфинарийлерде, стационарлық океанариумдарда пайдалануға, егер оларды ұстау, тасымалдау жануарлардың тіршілігі мен саулығына зиян келтірмей, биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оларды неғұрлым</p> |  |  |
|--|--|--|--|--|--|

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  | <p>тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермесе, жол берілмейді.».</p> <p>3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған жылжымалы хайуанаттар бақтары, контактілі зоопарктер, жылжымалы океанариумдар, ауыл шаруашылығы жануарларының және үй жануарларының көрмелерін қоспағанда, жылжымалы жануарлар көрмелері, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін таратылуға немесе қайта ұйымдастырылуға жатады.</p> <p>4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған дельфинарийлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін таратылуға немесе қайта ұйымдастырылуға жатады.</p> <p>5. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін осы</p> |  |
|--|--|--|--|--|

|      |        |   |  |  |                   |
|------|--------|---|--|--|-------------------|
|      |        |   | баптың 3 және 4-тармақтарында аталған, өз қызметін тоқтатпаған және (немесе) өзінің құрылтай құжаттарын осы Заңның талаптарына сәйкес келтірмеген тұлғалар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының өтініші бойынша сот тәртібімен таратылады.   |  |                   |
| 171. | 29-бап | <p>29-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі</p> <p>Осы Заң, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 8-бабының 8) тармақшасын, 11-бабын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.</p> | <p>Мынадай редакцияда жазылсын:</p> <p>«29-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі</p> <p>Осы Заң:</p> <p><b>1) 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 9-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 11-бабын, 21 бабының 1-тармағының 2) тармақшасын;</b></p> <p><b>2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілетін осы Заңның 18-бабының 7-тармағын;</b></p> | <p><b>Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 42-бабының 4-1-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мен ұйымдарды қоспағанда, реттеу субъектілерінің жаңа міндеттері белгіленетін заңдарды немесе олардың жекелеген нормаларын қолданысқа енгізу мерзімдері олар алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күннен кем болмауға тиіс.</p> | <b>Қабылданды</b> |

|      |        |  |   |   |                    |
|------|--------|--|---|---|--------------------|
|      |        |  | <p><b>3) 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 18-бабының 8-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.».</b></p> | <p>Заң жобасында 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап үй жануарларын есепке алуға қатысты ережелерді қолданысқа енгізу көзделген.</p>  |                    |
| 172. | 29-бап | <p>29-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі</p> <p>Осы Заң, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 8-бабының 8) тармақшасын, 11-бабын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік <b>он</b> күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.</p> | <p>«<b>он</b>» деген сөз «<b>алпыс</b>» деген сөзбен ауыстырылсын.</p>  | <p><b>Депутаттар<br/>Г.А. Нұримова,<br/>З.А. Камасова<br/>Ю.В. Жулин</b></p> <p>«Құқықтық актілер туралы» Заңның 42-бабының 4-1-тармағында мемлекеттік органдар мен ұйымдарды қоспағанда, реттеу субъектілерінің жаңа міндеттерін белгілейтін заңдарды немесе олардың жекелеген нормаларын қолданысқа енгізу мерзімдері міндеттерді орындауға дайындалу үшін қажетті мерзімдерді негізге ала отырып айқындалады және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күннен</p> | <b>Қабыл-данды</b> |

|  |  |  |  |                            |  |
|--|--|--|--|----------------------------|--|
|  |  |  |  | кем болмайды деп жазылған. |  |
|--|--|--|--|----------------------------|--|

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және әдеби тіл қағидаларына сәйкес келтірілсін.

**Комитет төрағасы**

**А. Милютин**



Құжаттамамен қандамасыз ету  
Билімінің сектор меңгерушісі  
Майор Н. Шайтанбаев.